



# Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

20 ақпан 2026 жыл Сенбі № 7 (12 060)

<https://qarqaralygazeti.kz>

[www.facebook.com/qarqaralygazeti/](http://www.facebook.com/qarqaralygazeti/)

[qarqaraly\\_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

[karkaraly\\_too@mail.ru](mailto:karkaraly_too@mail.ru)

Маңызды кездесу

## Қарқаралыда Конституция жобасы талқыланды

Қарқаралы қаласында ел тағдырына тікелей қатысы бар маңызды басқосу өтті. Шолпан Жандарбекова атындағы мәдени-сауық орталығында өткен кездесуде Мәжіліс пен облыстық, аудандық мәслихат депутаттары тұрғындармен жүздесіп, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын талқылады. Ашық диалог форматында өткен жиында Ата Заңға енгізілетін өзгерістердің мән-маңызы түсіндіріліп, олардың елдің құқықтық және демократиялық дамуына ықпалы кеңінен сөз болды.



Қай халықтың да болашағы оның берік іргетасына байланысты. Ал сол іргетастың ең басты тірегі – елдің Ата Заңы. Қазақстан Республикасы үшін Конституция – мемлекетіміздің құқықтық бағдары мен демократиялық даму жолын айқындайтын стратегиялық құжат. Ол – тәуелсіздігіміздің айғағы, бірлігіміздің ұстыны, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі.

Конституция – жай ғана заңдар жиынтығы емес. Ол – ұлттың арман-

мұраты мен тарихи таңдауын бейнелейтін қоғамдық келісім. Әрбір бап, әрбір тармақ елдің ертеңіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар халықтың талап-тілегінен, заманның сұранысынан туындауы заңды.

Осы орайда Қарқаралы жұртшылығы үшін маңызды кездесу өтті. Қарқаралы қаласының Шолпан Жандарбекова атындағы мәдени-сауық орталығы ғимаратында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Ха-

лықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері тұрғындармен жүздесті.

Кездесуге Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары Бауыржан Смағұлов пен Арман Қалықов, Қарағанды облыстық мәслихаты кезек-кезеңімен дамытудағы Сәйфул-Малик Казитов, Сұлтан Шәймағанбет және Қарқаралы ауданының мәслихат төрағасы Саят Оспанов қатысты.

2 бет

Конституциялық реформа

## Жаңа Конституция – ел мен өңірлерді дамытудың жаңа мүмкіндіктері

Өздеріңіз білетіндей, 20 қаңтарда Қызылорда қаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Халық құрылтайының бесінші отырысын өткізіп, алдағы Конституциялық реформаны жариялады.

Қазақстан Президентінің Жарлығымен елдің заманауи дамуы, демократия мен өңірлердің ілгерілеуін нығайту жөніндегі бастамаларды талдау, талқылау және дайындау үшін консультативтік орган – Конституциялық комиссия құрылған болатын. Жаңа саяси реформа еліміздің жасанды интелект дәуіріндегі әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал етеді.

Конституциялық комиссия құрамына Парламент депутаттары, партия жетекшілері, мәслихат төрағалары, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдар мен өңірлік қоғамдық кеңестердің өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары кірді.

Комиссия отырыстарында Құрылтайдағы сайлаудың пропорционалды жүйесінің артықшылықтары, Халық кеңесінің құрамы мен өкілеттіктері, неке және отбасы институттарын нығайту, зайырлы білім беру және тәрбие жүйесі, сондай-ақ «халық үніне құлақ асатын мемлекет», «заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттары талқыланды.

Алтыншы отырыста Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы ұсынылды. Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов құжатпен таныстырды. Жоба кіріспеден, 11 бе-



лімнен және 95 мақаладан тұрады. Кіріспеде жалпыұлттық құндылықтар мен мемлекет қызметінің жаңа қағидаттары көрсетілген. Ел тарихында алғаш рет адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басымдықтары ретінде жарияланды.

«Конституциялық құрылыстың негіздері» бірінші бөлімінде мемлекеттің ұйымдастырылуы мен құрылымын айқындайтын негізгі қағидаттар, сондай-ақ егемендікті нығайтуға бағытталған нормалар қамтылған. Қазақстан Республикасы әлі де президенттік республика түріндегі басқару нысанында біртұтас мемлекет болып қала береді.

Конституцияның жаңа жобасында терминология жаңартылып, Қазақстан аумағының тұтастығы мен дербес құқықтылығы сақталған. Жоба ресми түрде Конституциялық Соттың сайтында жарияланып, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды.

Бүгінде еліміз ауқымды өзгерістерге бет бұрды, мемлекет тарихында жаңа парақ ашылмақ. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасы – конституциялық құрылымды кезек-кезеңімен дамытудағы қисынды жалғасы болып табылады. Бұл реформаны тек түзетулер ретінде емес, мемлекет құрылымының негіздері тереңінен қайта қаралған жаңа Конституция ретінде қабылдау қажет.

Жаңа норма билік тармақтары мен қоғамның қатысу тетіктері арасындағы тепе-теңдікті нығайтуға мүмкіндік береді. Депутаттардың рөлі ерекше маңызды: реформалардың мәнін халыққа жеткізу, азаматтардың пікірін тыңдау, қабылданған шешімдердің уақтылы әрі сапалы іске асырылуын бақылау – біздің жауапкершілігіміз.

Мемлекет басшысы жаңа Парламентті Құрылтай деп атауды ұсынды. Бұл орган елімізде заң шығарушы билікті жүзеге асыратын

жоғары өкілді орган болады. Сонымен қатар, республика азаматтарының пікірлері мен ұсыныстарын мемлекеттік шешімдер қабылдау процесінде есепке алуға арналған Халықтық кеңес құрылмақ.

1995 жылғы Конституция еліміздің егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқарғанын атап өту маңызды. Дегенмен, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделу үшін конституциялық заңнаманы жетілдіру қажет.

Жаңа Конституция мемлекеттілік, халықаралық бедел, адами капиталды, білім беруді, ғылым мен инновацияны дамытудың басымдықтарына баса назар аударады.

Осы реформалар неғұрлым теңдестірілген және ашық басқару жүйесін құруға бағытталған, оның бастысы – адам, оның құқықтары мен заңды мүдделері. Конституциялық реформа мемлекеттілікті нығайтуға және азаматтардың билік институттарына деген сенімін арттыруға бағытталған дәйекті қадам болып табылады. Өкілді органдарды нығайту, қоғамдық қатысу тетіктерін дамыту және сот жүйесінің тәуелсіздігін арттыру – елдің ұзақ мерзімді және әділ дамуы үшін берік негіз жасайды.

Жарияланған жобаны талқылау кезіндегі ашық диалог, кәсіби сараптама және азаматтардың пікірлерін есепке алу Конституциялық реформаны табысты іске асырудың негізі болып, ауданымыздың заманауи, әділ және мықты мемлекет құруға қосқан үлесін көрсетеді.

## 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Важен голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

### «Референдум тағайындалған күн туралы»

2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді. Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

### «О дне назначения референдума»

15 марта 2026 года состоится Республиканский референдум. Правом на участие в референдуме обладают граждане, достигшие 18-летнего возраста. Референдум проводится на основе добровольного участия, свободного волеизъявления, а также всеобщего, равного, прямого и тайного голосования граждан. На референдум вынесен вопрос: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?». Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

### Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі жамағат!

Баршаңызды қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қасиетті Рамазан айы – кешірім мен мейірімнің, тазалық пен адалдықтың, ғибадат пен ғибраттың айы. Бұл айда дүние жүзіндегі иманға ұйыған мұсылман қауымы күн ұзақ ауыз бекітіп, ізгі парызын өтейді.

Рамазан айының қасиеті баршамызды жаман әдет-қылқылтан аулақ болуға, сабырлық пен адалдыққа ұмтылуға, қоғамға пайдалы қызмет қылуға үндейді. Сондықтан осы айда бір-бірімізге мейіріммен қарап, мұқтаж жандарға қамқорлық жасаған абзал. Адамдардың бір-біріне деген бауырмалдылығы мен мейірімділігі қоғам өмірін ізгілендіретіні сөзсіз. Яғни, мұсылмандықтың салиқалы сипаты мен ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін ұстанудың сауабы да, пайдасы да орасан.

Бұл ай – рухани жаңғырудың, жүректің жұмсарып, ниеттердің түзелер шағы. Әрбір ізгі іс пен айтылған жылы сөздің сауабы еселеніп жазылатын қасиетті мезетте татулық пен бірлігіміз нығая түссін. Ортақ шаңырағымыздың берекесі артып, ел ішіндегі өзара сыйластық пен түсіністік арта берсін.

Қасиетті Рамазан айында әрбір шаңыраққа жақсылық пен береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз. Ұстаған ораза, жасаған ғибадаттарыңыз бен сауапты амалдарыңыз қабыл болсын! Еліміз аман, Отанымыз тыныш болсын!

С.МУСИН,  
аудан әкімінің м.а.  
С.ОСПАНОВ,  
аудандық мәслихат төрағасы

Саят ОСПАНОВ,  
Қарқаралы аудандық мәслихат төрағасы

# Қарқаралыда Конституция жобасы талқыланды



(Соңы. Басы 1 бетте)

Жиынға мәдениет саласының қызметкерлері, кітапханашылар және қала тұрғындары белсене қатысып, ел болашағына қатысты маңызды мәселелерге бейжай қарамайтындығын танытты.

Кездесу барысында қатысушыларға елдің Негізгі заңына енгізілуі ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар жан-жақты түсіндірілді. Депутаттар реформалардың басты мақсаты – билік тармақтарының теңгерімін нығайту, заң үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру және азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыру екенін атап өтті.

Жаңа бастамалар мемлекеттің одан әрі дамуына серпін беріп, «Әділетті Қазақстан» қағидатын нақты мазмұнмен толықтыруға бағытталғаны айтылды. Заңдылық пен ашықтықты күшейту, халықтың саяси үдерістерге қатысу мүмкіндігін кеңейту – демократиялық қоғамның басты талаптары.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтті. Тұрғындар өз ойларын ортаға салып, ұсыныстарын білдірді. Бұл – Конституция жобасын талқылау үдерісінің шынайы халықтық сипат алғанының айғағы.

Ата Заңды жаңғырту – тек заңгерлер мен депутаттардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат Конституцияның мәні мен маңызын терең түсінгенде ғана құқықтық мемлекет құру жолындағы қадамдар нық болмақ.

Қарқаралы төріндегі бұл кездесу – ел болашағына бейжай қарамайтын азаматтардың басын қосқан маңызды алаң болды. Халық пен билік арасындағы ашық диалог – әділетті қоғам қалыптастырудың сенімді жолы.

Ел тағдырын айқындайтын тарихи сәттерде жұрт болып жұмылу – бабалар аманатына адалдықтың белгісі. Ата Заңымыз уақыт талабына сай жаңарып, ел бірлігі мен тұрақтылығының, өркендеудің келілі бола бермек.

Негізгі басқосудан бір күн бұрын Қарқаралы қаласына келген жұмыс тобы алдымен шаһардағы білім ошақтарында болып, ұстаздар қауымымен және студент жастармен арнайы кездесулер өткізді. Бұл – Конституция жобасын талқылаудың тек ресми жиындар аясында ғана емес, өскелең ұрпақ тәрбиеленіп жатқан ортада да кеңінен өрбігенінің айқын көрінісі болды.

Қаладағы О.Жәуітқов атындағы №1 мектеп, М.Бөпиұлы атындағы №44 мектеп, Ө.Ермеков атындағы №2 мектеп және М.Әдекенов атындағы Қарқаралы ауылшаруашылық колледжінің ұжымдарымен өткен жиындар мазмұнды да мағыналы жағдайда өтті. Кездесулер барысында елдің Негізгі заңына енгізілуі ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулардың мәні егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Ұстаздар қауымы Конституцияның қоғам өміріндегі орны, құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі туралы өз

ойларын ортаға салды. Олар жас ұрпақтың құқықтық сауатын арттыру, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру ісінде Ата Заңның маңызы айрықша екенін атап өтті. Заңды құрметтеу мен әділет қағидаттарын бойға сіңіру – мектеп қабырғасынан басталатын тәрбиенің өзегі екені ерекше айтылды.

Кездесу барысында педагогтер тарапынан білім саласына қатысты нормалар, әлеуметтік кепілдіктер, азаматтардың құқықтары мен міндеттері жөнінде сауалдар қойылып, жан-жақты жауаптар берілді. Ашық пікір алмасу форматында өткен жиындарда ұстаздардың белсенділігі мен азаматтық ұстанымы айқын аңғарылды.

Колледж студенттері де ел болашағына қатысты маңызды мәселелерге бейжай қарамайтындығын көрсетті. Олар Конституциялық реформалардың жастар саясатына, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуына, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға тигізер ықпалы жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Бұл кездесулер – құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған тағылымды шаралар болды. Себебі Конституция – тек мемлекеттік құжат қана емес, ол – әрбір азаматтың өміріне тікелей қатысты, оның құқығы мен бостандығын айқындайтын басты құндылық.

Осылайша, Қарқаралыдағы білім ордларында өткен жүздесулер елдік маңызы бар құжатты талқылаудың шынайы халықтық сипат алғанын көрсетті. Ұстаз бен шәкірттің, депутат пен қоғам өкілдерінің ортақ пікір алаңында тоғысуы – болашаққа деген сенімді нығайтатын игі қадам болды.

Қарқаралы төрінде өткен бұл кездесу – халық пен билік арасындағы сенім мен жауапкершілікке негізделген үнқатысудың жарқын көрінісі болды. Конституцияны жетілдіру – бір сәттік науқан емес, ол – мемлекет болашағын айқындайтын тарихи үдеріс. Әрбір азаматтың пікірін ескеру арқылы ғана Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстан құру жолындағы қадамдар нық әрі нәтижелі болмақ. Ата Заңымыз уақыт талабына сай жаңарып, ел бірлігі мен тұрақтылығының берік кепіліне айнала берсін.

**Меруерт БАЛКЕЕВА**

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен



## Конституциялық жаңғырту – ел болашағына нық қадам

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде, көпшілікке ұсынылған жаңа Конституция жобасы бойынша өз пікірімді білдіргім келеді.

Құжаттың өзегінде – адам, оның қадір-қасиеті, құқықтары мен жеке жауапкершілігі қарастырылған. Ал басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация айқындалған. Бұл – мемлекеттің болашағы министрлік ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен айқындалатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс.

Мәселен, менің назарымды аударған өзгерістердің бірі – конституциялық құрылыс негіздеріне қатысты 3-бап. Өзгертілген 3-баптың жобасында:

«1. Қазақстан Республикасы қызметінің негізін құраушы қағидаттар: егемендік пен тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды және инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды», – деп жазылған.

Тәуелсіз мемлекеттің азаматы ретінде егемендік пен тәуелсіздікті, адам құқықтары мен бостандықтарын, заң мен тәртіпті, жалпыұлттық бірлікті басты құндылықтар деп санаймын. Ал ана ретінде халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұстаным ерекше қуантады.

Жаңа конституциялық заң жобасымен танысқан әрбір адам өз еліне, туған жеріне, тіпті жеке басына қандай игіліктер әкелетінін ойлап, қызығушылық танытатыны анық. Жаңа заң жобасын оқыған жан келешекті, алда атқарылатын істердің нақты жоспарын көзбен көріп отырғандай әсер алады.

Өз қиялымда «Жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру» деген жолдар Қарқаралыда табиғаты көркем өңірде туризмді дамытуға бағытталған ірі жобалардың жүзеге асуына серпін беретіндей көрінді. Ал «Тарихи-мәдени мұраны сақтау» қағидаты көне қалалардың бірі саналатын Қарқаралыны ашық аспан астындағы мұражайға айналдыруға мүмкіндік беретіндей әсер қалдырды.

Мәдениет саласының қызметкері ретінде «Төл мәдениетті қолдау» тіркесінің мағынасы мені ерекше қуантады. Өйткені дәстүр мен рухани құндылықтар – қоғамның орнықты дамуының негізі. Демек, ұлттық мәдениетімізді дамытатын ауқымды жобалардың жүзеге асатын күні алыс емес деп сенемін.

Сонымен қатар жаңа Конституциялық заңның 11-бабында «Мемлекеттік Гимн» атауын «Мемлекеттік Әнұран» деп өзгерту ұсынысы менің патриоттық сезімді одан әрі асқақтатты. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны!» деп нақты атаудың өзі ерекше рух береді әрі жазылуы да көз қуантады.

**Дана АЛИЕВА,**  
**Ш.Жандарбекова атындағы**  
**Қарқаралы мәдени-сауық**  
**орталығы директорының**  
**орынбасары**

## Қоғам игілігіне қызмет ететін Конституциялық жаңғырту

Жаңа Конституция жобасында ұсынылған өзгерістер мемлекеттің әлеуметтік бағыттағы рөлін айқындай түсіп, оның жауапкершілік аясын кеңейтуге негізделгені анық байқалады. Бұл – қоғам сұранысынан туындаған, уақыт талабы жетілдірген маңызды қадам. Әсіресе әлеуметтік теңсіздікті азайтуға, ауылдық аумақтарды көшенді түрде қолдауға, халықты жұмыспен қамту аясын кеңейтуге және заманауи инфрақұрылымды дамытуға берік құқықтық негіз қалыптастыру мәселелерінің қамтылуы – ел дамуының жүйелі әрі орнықты болуына бағытталған игі бастама.

Ауыл – ұлттың алтын бесігі. Сондықтан ауылдық жерлердің әлеуетін арттыру, әлеуметтік нысандардың сапасын жақсарту, жол, байланыс, мәдениет пен денсаулық сақтау инфрақұрылымын жетілдіру – тек экономикалық емес, стратегиялық маңызы бар міндет. Жаңа Конституция жобасындағы осындай басымдықтар өңірлер арасындағы алшақтықты азайтып, азаматтардың тұрмыс сапасын теңестіруге мүмкіндік береді деп сенемін. Бұл – әрбір қазақстандықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған нақты әрі нәтижелі саясаттың көрінісі.

Сонымен қатар жұмыспен қамтуды кеңейтуге баса мән берілуі де аса маңызды. Тұрақты жұмыс – азаматтың әлеуметтік қорғалу кепілі, отбасының берекесі, қоғамның тұрақтылығы. Осы тұрғыда ұсынылып отырған өзгерістер еңбек нарығын жетілдіруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретіні сөзсіз.

Білім беру саласын стратегиялық басымдық ретінде айқындау – болашаққа жасалған ең құнды инвестиция. Адами капиталды дамыту – кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің басты көрсеткіші. Жастарды заман талабына сай, сұранысқа ие мамандықтарға даярлау, олардың кәсіби және шығармашылық әлеуетін туған жерінде жүзеге асыруына жағдай жасау – елдің интеллектуалдық

қуатын арттырудың негізгі жолы. Бұл ретте конституциялық деңгейде білім мен ғылымның маңызын бекіту – мемлекет дамуының жаңа сапалы кезеңге қадам басқаны аңғартады.

Сондай-ақ, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруға бағытталған өзгерістердің де маңызы зор. Ашықтық, жауапкершілік және нәтижелілік қағидаттарына негізделген басқару жүйесі қоғам сенімін нығайтып, мемлекеттік институттардың қызметін жаңа деңгейге көтереді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық бастамалардың сапалы жүзеге асуына жол ашады.

Жалпы алғанда, жаңа конституциялық өзгерістер елдің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және ұзақ мерзімді даму стратегиясын нығайтуға бағытталған деп есептеймін. Сондықтан ұсынылып отырған жаңашыл бастамаларды толық қолдаймын. Бұл өзгерістер Қазақстанның болашағын баянды етіп, келер ұрпаққа берік негіз қалайды деп сенемін.

**Салтанат ШӘКӘРІМ,**

Қарқаралы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің әдіскері

# Жаңа Конституция – рухани жаңғырудың берік негізі

Қазақстанда қабылданған Жаңа Конституция – ел өміріндегі маңызды тарихи кезеңдердің бірі. Бұл құжат саяси жүйені жаңғыртып қана қоймай, қоғамның рухани негізін саналатын мәдениет саласының дамуына да тың серпін берді. Конституциялық өзгерістер арқылы мәдениеттің қоғамдағы орны айқындалып, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды.

Мәдениет – ұлттың жаны, халықтың тарихи жады мен рухани болмысының айнасы. Осы тұрғыдан алғанда, Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары ең

жоғары құндылық ретінде танылып, әрбір азаматтың мәдени өмірге қатысуына, шығармашылықпен айналысуына және ұлттық мұраны сақтауға тең мүмкіндіктер берілді. Бұл – мәдениет саласында еңбек етіп жүрген мамандар үшін үлкен қолдау әрі зор жауапкершілік.

Конституциялық реформалар нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне көбірек еркіндік беріліп, өңірлердегі мәдени мекемелердің дербестігі арта түсті. Бұл ауылдық жерлердегі мәдениет үйлері, клубтар мен кітапханалардың жұмысын жандандыруға, халыққа көрсетілетін мәдени қызметтің сапасын арттыруға жол ашты. Әсіресе шалғай ауылдарда мәдени шаралардың жүйелі түрде өткізілуі, жастардың өнерге тартылуы,

ұлттық дәстүрдің сақталуы – осы өзгерістердің нақты нәтижесі.

Жаңа Конституцияда тіл мәселесіне де ерекше мән берілген. Мемлекеттік тілдің мәртебесі нығайып, оны дамыту мен кеңінен қолдану әрбір азаматтың ортақ міндеті ретінде қарастырылды. Бұл мәдениет саласында қазақ тіліндегі концерттердің, спектакльдердің, әдеби кештер мен танымдық бағдарламалардың көбеюіне оң ықпал етуде. Өйткені тіл арқылы ұлттық сана қалыптасып, ұрпақтар сабақтастығы сақталады.

Сонымен қатар Конституцияда тарихи-мәдени мұраны қорғау мәселесі де маңызды орын алады. Музейлердің, архивтердің, мәдени ескерткіштердің сақталуы мен жаңғыртылуы – болашақ ұрпақ үшін баға жетпес құндылық. Бұл

бағытта мәдениет қызметкерлерінің рөлі айрықша, өйткені олар тек іс-шара ұйымдастырушылар ғана емес, ұлттық идеологияның насихаттаушылары әрі рухани мұраның сақтаушылары.

Жаңа Конституция мәдениет саласы қызметкерлерінің мәртебесін арттыруға да ықпал етті. Қоғамда мәдениет мамандарына деген көзқарас өзгеріп, олардың еңбегінің маңыздылығы кеңінен мойындала бастады. Бұл, өз кезегінде, кәсіби дамуға, жаңа идеялар мен жобалардың жүзеге асуына, шығармашылық белсенділіктің артуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Жаңа Конституция – мәдениет саласының дамуына берік құқықтық негіз қалаған, рухани жаңғыруға бағытталған стратегиялық құжат. Ол ұлттық



мәдениетті сақтау мен дамытуға, халықтың мәдени өмірге белсенді қатысуына, жас ұрпақты отансүйгіштікке және рухани құндылықтарға тәрбиелеуге кең мүмкіндік береді. Сондықтан Жаңа Конституция – тек заңдар жиынтығы ғана емес, елдің рухани болашағын айқындайтын тарихи бағдар деп айтуға толық негіз бар.

**Егіндібұлақ мәдени-сауық**  
**орталығы**

Референдум

**Қарқаралы ауданының аумақтық референдум комиссиясының құрамы туралы ХАБАРЛАМА**

Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі, 19 үй. 3 каб. Тел 8-72146-31445, tic\_kar\_krk@saylau.kz

№	Референдум комиссиясындағы лауазымы	ТАӘ
1	Комиссияның төрағасы	Нуркенов Слямиден Камашевич
2	Төрағаның орынбасары	Ахмадиев Канат Наркенович
3	Комиссияның хатшысы	Кабилов Жандос Еркинович
4	Комиссияның мүшесі	Ахметова Гулдана Кадировна
5	Комиссияның мүшесі	Игишев Жасулан Қуанович
6	Комиссияның мүшесі	Кенжебаева Анар Маратовна
7	Комиссияның мүшесі	Сулейменов Даурен Меирғалиевич

Қарқаралы ауданының аумақтық референдум комиссиясы

**2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған референдумды әзірлеу мен өткізу үшін Қарқаралы ауданы бойынша учаскелік референдум комиссияларының құрамдары және орналасқан орыны**

№ р/с	Референдум учаскесінің нөмірі	Учаскелік референдум комиссиясының орналасқан жері, орталығы және телефоны	Учаскелік референдум комиссиясының құрамы
1	№ 465 референдум учаскесі	Қарқаралы қаласы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қарқаралы қаласының Мәди Бапұлы атындағы № 44 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мәди көшесі, 1 үй, тел:8-72146-31888	Төраға - Разбеков Бедель Каирович, Төраға орынбасары - Болат Қуандық Саматұлы, Хатшы - Сарсембекова Ляззат Тлеукешовна, Мүшелер: Ахметова Саяжан Мұратбекқызы, Жолтай Маржан Жақыпқызы, Толубаева Зауреш Малгаждаровна, Омаров Нуржан Жақанович
2	№ 466 референдум учаскесі	Қарқаралы қаласы, «Шолпан Жандарбекова атындағы Қарқаралы қаласының Мәдени-сауық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, Т.Әубәкіров көшесі, 38 үй, тел:8-72146-31330	Төраға - Аубакиров Ернзар Мейрамғалиевич, Төраға орынбасары - Баймолдина Зауре Сайлауовна, Хатшы - Смагулова Света Маратовна, Мүшелер: Жуманбаев Съезбек Асанбаевич, Ахметов Айдын Мейрамович, Ибраева Айым Ерболовна, Абдинов Аскар Мейрамбекович
3	№ 467 референдум учаскесі	Қарқаралы қаласы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қарқаралы қаласының академик О.А.Жаутықов атындағы жалпы білім беретін № 1 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жәнібеков көшесі, 38 үй, тел:8-72146-31376	Төраға – Жунусов Дидар Кайырбекович, Төраға орынбасары - Сулейменова Нурғайын Ермековна, Хатшы - Бағдатова Айдана Тілекқызы, Мүшелер: Жомартова Назгуль Тусуповна, Кабиева Маржан Камеловна, Жиенбаева Алмагуль Сериковна, Укибаева Қарлыға Айтбаевна
4	№ 468 референдум учаскесі	Қарқаралы қаласы, «Балалар және жас өспірімдер орталығы», коммуналдық мемлекеттік мекемесі В.Рей көшесі, 50 үй, тел:8-72146-32678	Төраға – Дюсембаев Канат Болатбекович, Төраға орынбасары – Нұрбайқызы Гулдана, Хатшы – Мәлгәждер Әйгерім Ерланқызы, Мүшелер: Сапанов Кадир Бакаевич, Бисенов Сатбек Турганович, Омарова Нурида Абдиқаримовна, Танабаева Асем Саматовна
5	№ 469 референдум учаскесі	Қарағайлы кенті, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің жалпы білім беретін № 16 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 19-квартал, 20А үй, тел:8-72146-45479	Төраға - Алтайбаева Жазира Муратовна, Төраға орынбасары - Мейрманова Гульжан Амангельдиевна, Хатшы - Жидебаева Әйгерім Қуатқызы, Мүшелер: Канафина Бибиғуль Толеухановна, Шашубаева Айдана Сейтқазыновна, Ахметов Канат Советович, Баханова Молдыр Курмашевна
6	№ 470 референдум учаскесі	Қарағайлы кенті, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің жалпы білім беретін № 17 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ә.Бокейханов көшесі, 46 үй, тел:8-72146-45386	Төраға - Исакова Қымбат Кабдиқаримовна, Төраға орынбасары - Нуржанова Алтын Ануарбековна, Хатшы - Жумадилова Анель Канатовна, Мүшелер: Нургазин Саят Химадиевич, Тугелова Жамбыгуль Акимовна, Бейсембекова Ляйля Данияровна, Баймағанбетова Айжан Толеуаевна
7	№ 471 референдум учаскесі	Ақтерек ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Ақтерек ауылының № 26 Ахмет Байтұрсынұв атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мектеп көшесі, 46-үй, тел: 8-72146-51258	Төраға – Абеннова Светлана Кусайновна, Төраға орынбасары – Жолтаев Бекзат Жақупович, Хатшы – Жармағамбетова Венера Саятовна, Мүшелер: Абильмажинов Ербол Аманжолович, Бақтияр Абылай Нұрланұлы
8	№ 472 референдум учаскесі	Егіндібұлақ ауылы, «Егіндібұлақ ауылының «Мәдени-сауық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, Мәди көшесі, 14 үй, тел:8-72147-91251	Төраға - Кенжебеков Мейрамбек, Төраға орынбасары - Сейілханова Каракат Талғатовна, Хатшы – Бағдат Амангүл Талғатқызы, Мүшелер: Белгибаев Нақыпбек Кайырбекович, Имекеев Қайролла Бекенович, Жаппаров Нурлан Кайырович, Альжанова Жанагуль Маратовна
9	№ 473 референдум учаскесі	Айнабұлақ ауылы, Абай ауылының клубы, Тәттімбет көшесі, 15/1 үй, тел:8-721-32-51315	Төраға - Егешов Берик Кулжанбекович, Төраға орынбасары - Саметов Еркебулан Нурланович, Хатшы - Ботабаева Бақыт Рымбековна, Мүшелер: Арилина Куралай Токеновна, Такумова Арай Жуманиязовна
10	№ 474 референдум учаскесі	Мыржық ауылы, Мыржық көшесі, 50 үй, бұрынғы мектеп ғимараты, тел:8-72159-60301	Төраға - Нығметов Асылбек Рымбекович, Төраға орынбасары - Төкеш Гүлжан Қайырбекқызы, Хатшы - Уатаева Жанар Шаймуратовна, Мүшелер: Бекеев Нуртолеу Кайролаевич, Сағындықова Арай Тлеукеновна
11	№ 475 референдум учаскесі	Ақжол ауылы, Ақжол ауылының клубы, Мамыраев көшесі, 16 үй, тел:8-72146-33359	Төраға - Нұрмағанбетова Айжан Сабырқызы, Төраға орынбасары - Баймағанбетова Баркит Нұрғабденовна, Хатшы - Лиясова Айгерім Қабыккызы, Мүшелер: Тойбекова Магира Ақбанбековна, Койбағаров Манат Кабинович

12	№ 476 референдум учаскесі	Жаңанегіз ауылы, Жаңанегіз көшесі, 16 үй, 2 пәтер, жеке үй, тел:8-72146-50985	Төраға - Супатаева Айгуль Мухамановна, Төраға орынбасары – Мерходинов Манарбек Мейрамбекович, Хатшы - Едилбаева Гульдина Батырбековна, Мүшелер: Маханов Бекзат Уахитович, Сармурзина Айгуль Нубиновна
13	№ 477 референдум учаскесі	Талды ауылы, Талды ауылының клубы, Жамалиден көшесі, 12 үй, тел:8-72132-37459	Төраға - Оспанқұлов Максат Зейнелович, Төраға орынбасары - Тойшыбеков Бауыржан Серікбайұлы, Хатшы - Арипова Мейизгуль Саятовна, Мүшелер: Болат Толғанай Болатқызы, Тилигена Данагуль Балхашқызы
14	№ 478 референдум учаскесі	Ақбай-Қызылбай ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Ақбай-Қызылбай ауылының № 24 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақбай-Қызылбай көшесі, 52 үй, тел: 8-72159-62769	Төраға - Әлібаев Арғын Қойлыбайұлы, Төраға орынбасары - Оспанқұлов Жарқын Серикович, Хатшы - Ажженова Пекизат Жанатаевна, Мүшелер: Ашимова Меруерт Алибековна, Исакова Дильда Сайрановна
15	№ 479 референдум учаскесі	Белдеутас ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Белдеутас ауылының № 52 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Белдеутас көшесі, 11 үй, 8-72159-60210	Төраға - Толубекова Қаршыға Игенқызы, Төраға орынбасары - Құттыбаев Ерлан Шыныбаевич, Хатшы - Рахымбекова Қажай Жақыбаевна, Мүшелер: Қаламбеков Думан Сабитович, Мұбарак Ерболат Жұмагелдіұлы
16	№ 480 референдум учаскесі	Сарыобалы ауылы, Сарыобалы ауылының клубы, Сарыобалы көшесі, 43 үй, тел:8-72132-32161	Төраға - Ибраев Капият Жумажанович, Төраға орынбасары - Ивакина Гулнар Рымғалиевна, Хатшы - Нығманова Мейрамгуль Жумагелдиевна, Мүшелер: Мұсатай Руслан Қабыккылы, Тусупжанова Айгерім Канатовна
17	№ 481 референдум учаскесі	Аққора ауылы, Аққора көшесі, 2 үй, 1 пәтер, жеке үй, тел:8-72159-62804	Төраға - Серікбай Жұлдыз Қонысбекқызы, Төраға орынбасары - Меирман Кенжетұл Меирманқызы, Хатшы - Исаков Адилназар Туякович, Мүшелер: Исин Темиржан Ахметович, Смаханов Талғат Каирбекович
18	№ 482 референдум учаскесі	Ақтасты ауылы, Тәттімбет ауылының клубы, Қазыбек би көшесі, 19 үй, тел:8-72147-56982	Төраға - Саменова Асел Казезовна, Төраға орынбасары - Жақайбекова Куралай Нығметовна, Хатшы - Жексенова Индира Төлегенқызы, Мүшелер: Қабышов Жігер Алтынбекұлы, Аронов Жансұлтан Ағланбекұлы
19	№ 483 референдум учаскесі	Қарабұлақ ауылы, Қарабұлақ ауылының клубы, Қазақстан көшесі, 7 үй, тел:8-72146-53681	Төраға - Шоқенова Шугла Қасымбековна, Төраға орынбасары - Сағатов Дуйсенбек Рахманович, Хатшы - Толеутаева Назым Толеутаевна, Мүшелер: Куттин Қайрат Кабылович, Клименко Наталья Николаевна
20	№ 484 референдум учаскесі	Айнабұлақ ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Айнабұлақ ауылының № 38 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Айнабұлақ көшесі, 31 үй, тел: 8-72146-51728	Төраға - Омаров Қуаныш Токенович, Төраға орынбасары - Қасымбекова Казипа Кишашевна, Хатшы - Мауленова Гульнар Сағындықовна, Мүшелер: Сулешов Арман Седильжанов, Жаппарова Назым Жолдыбаевна
21	№ 485 референдум учаскесі	Бақты ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Бақты ауылының жалпы білім беретін № 21 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Тәуелсіздік көшесі, 17 үй, тел:8-72146-38772	Төраға - Тілеуабыл Жандос Ерқанатұлы, Төраға орынбасары - Шарей Салтанат Еркінбекқызы, Хатшы - Нүрпейіс Дина Бауыржанқызы, Мүшелер: Исина Жанар Закариновна, Мақанбай Ләйлә Ержанқызы
22	№ 486 референдум учаскесі	Абыз ауылы, Абыз ауылының клубы, Абыз көшесі, 4 үй, тел:8-72132-51200	Төраға - Кемпирбаева Назгуль Амировна, Төраға орынбасары - Елеуханов Мейіржан Амангельдиевич, Хатшы - Жумагулова Акмарал Токеновна, Мүшелер: Омарбаев Тилек Қыстаубаевич, Сакабаева Куралай Сағиндыковна
23	№ 487 референдум учаскесі	Бесоба ауылы, Бесоба ауылының клубы, К.Әбдірасыл көшесі, 27 үй, тел:8-72146-52515	Төраға - Тойжанова Айнур Балташевна, Төраға орынбасары - Упбаев Тельман Бейсенович, Хатшы - Балғабаева Парид Бердибековна, Мүшелер: Ускенов Оразтай Кенжетевич, Амирбекова Жанар Жетписбаевна
24	№ 488 референдум учаскесі	Қызылту ауылы, Қызылту ауылының клубы, Қызылту көшесі, 20А үй, тел:8-72146-52861	Төраға - Абдиқов Орынбек Галиевич, Төраға орынбасары - Елесбаева Рымқұл Кусайновна, Хатшы - Рысбекова Айгерім Жандосовна, Мүшелер: Сулейменова Гулсара Мейрашовна, Садуахасова Айжан Кайыржанович
25	№ 489 референдум учаскесі	Жаңатаған ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Жаңатаған ауылының жалпы білім беретін № 14 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ұшықын көшесі, 39 үй, тел:8-72146-52485	Төраға - Абдилдин Сайран Кенесбекович, Төраға орынбасары - Камзина Зауре Қаригуловна, Хатшы - Сахынбекова Динара Айткеновна, Мүшелер: Сыздықов Еркін Орынбаевич, Қайролла Айбол Кәрігүлұлы
26	№ 490 референдум учаскесі	Ежебай ауылы, Ежебай көшесі, 14 үй, 2 пәтер, жеке үй, тел:8-72146-52124	Төраға - Сүлейменова Орик Нығметовна, Төраға орынбасары - Балташ Абылай Құрманбекұлы, Хатшы - Қазы Берік Тишбекұлы, Мүшелер: Мукашев Ербол Кабыккенович, Махметжан Мадияр Халижанұлы
27	№ 491 референдум учаскесі	Жарлы ауылы, Жарлы ауылының клубы, Машанов көшесі, 35 үй, тел:8-72146-52168	Төраға - Нұрмағанбет Жібек Серікқызы, Төраға орынбасары - Мазина Жанат Турганбаевна, Хатшы - Тоттаубай Ханатхан, Мүшелер: Зубайрина Амина Мажитовна, Иманқұлова Асел Ерденевна,
28	№ 492 референдум учаскесі	Аппаз ауылы, Аппаз ауылының клубы, Сейілхан көшесі, 10 үй, тел:8-72159-61519	Төраға - Нурғалиева Жанна Дарибаевна, Төраға орынбасары - Несипбаева Альбина Аманбековна, Хатшы - Рымбай Ендік Айдосқызы, Мүшелер: Шақатай Достық, Ахметов Канат Рымбайұлы
29	№ 493 референдум учаскесі	Милыбұлақ ауылы, Милыбұлақ көшесі, 6/2үй, жеке үй, тел:8-72146-52333	Төраға - Жекей Сержан Ғабдоллаұлы, Төраға орынбасары - Смагулова Айбала Муратовна, Хатшы - Сулейменов Нуркен Қажимуратович, Мүшелер: Асқарова Бақытжамал Қураловна, Қашимов Канат Турсынбекович

30	№ 494 референдум учаскесі	Қаракөл ауылы, Қаракөл ауылының клубы, Тың 25 жылдығы көшесі, 11 үй, тел:8-72146-53730	Төраға - Адилханова Умитжан Карсыбековна, Төраға орынбасары - Оспанов Асыл Мунарбаевич, Хатшы - Ракишев Айдос Муратканович, Мүшелер: Каратаева Сауле Кумисбековна, Мизамбаева Гулнар Балтиновна
31	№ 495 референдум учаскесі	Көктас ауылы, Көктас ауылының клубы, Болашақ көшесі, 29 үй, тел:8-72146-33605	Төраға - Ракишев Аманжол Жакипбекович, Төраға орынбасары - Сагидолла Амантай, Хатшы - Кумусбаева Рымбала Темибековна, Мүшелер: Шаматаев Уриستم Болатович, Кыздарбекова Дана Саятовна
32	№ 496 референдум учаскесі	Жаназол ауылы, № 46 тұрғын үй, 2 пәтер, жеке үй, тел:8-72146-50462	Төраға - Ахметбекова Аида Төлеухановна, Төраға орынбасары - Құдайберген Манат Құдайбергенұлы, Хатшы - Ахметжанова Саягул Амантаевна, Мүшелер: Сатыбалдин Аманжол Токенович, Ержанов Кайрат Асемханович
33	№ 497 референдум учаскесі	Бүркітті ауылы, Бүркітті ауылының клубы, Қоңырбаев көшесі, 7 үй, тел:8-72146-51483	Төраға - Абдысадиқова Жазира Каппасовна, Төраға орынбасары - Сүлеймен Айбек Қанатұлы, Хатшы - Зиядина Асем Саятовна, Мүшелер: Рақымғали Медет Рақымғалиұлы, Скендрова Калия Жумановна
34	№ 498 референдум учаскесі	Борлыбұлақ ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Борлыбұлақ ауылының жалпы білім беретін № 42 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Борлыбұлақ көшесі, 9 үй, тел:8-72146-51231	Төраға - Байжанова Назымгул Абдығалиевна, Төраға орынбасары - Жақыпбекова Райхан Абилахасовна, Хатшы - Шахенова Зауреш Ибикиеновна, Мүшелер: Абилов Галымжан Төлеуханович, Жумағалиева Айгул Тукуновна
35	№ 499 референдум учаскесі	Талды станциясы, теміржол станциясының ғимараты, Талды көшесі, 35 үй, тел:8-72146-51483	Төраға - Омарова Маржан, Төраға орынбасары - Исаков Рахметжан Мағатович, Хатшы - Еғубаева Дана Канатовна, Мүшелер: Баталова Алия Ергалиевна, Социалова Айгерим Нурлановна
36	№ 500 референдум учаскесі	Қоянды ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қоянды ауылының жалпы білім беретін № 35 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алаш көшесі, 12 үй, тел:8-72132-58214	Төраға - Исатаева Гульнур Орикбаевна, Төраға орынбасары - Жунусбекова Алтынай Татаевна, Хатшы - Исайнова Жұлдуз Муратовна, Мүшелер: Алжаппарова Арай Муратовна, Битебаев Галым Оразович
37	№ 501 референдум учаскесі	Айрық ауылы, Мәди ауылының клубы, Тәттімбет көшесі, 9 үй, тел:8-72147-57243	Төраға - Кенжебекова Балауса Дауренбековна, Төраға орынбасары - Бейсекева Гульбану Нұрахметовна, Хатшы - Рахимова Балжан Канатовна, Мүшелер: Кошанов Дастан Рымбекович, Абдуқитов Абай Аманжолұлы
38	№ 502 референдум учаскесі	Едірей ауылы, Едрей көшесі 6 үй, тұрғын үй, тел:8-72147-57325	Төраға - Төкешов Бекболат Қайырбекұлы, Төраға орынбасары - Байтуяқова Альфия Болатовна, Хатшы - Алякбарова Назым Дарисламовна, Мүшелер: Смагулова Камаш Оспантаевна, Шахенова Рымтай Армиевна
39	№ 503 референдум учаскесі	Өсібай ауылы, Өсібай ауылының клубы, Ж.Елебеков көшесі, 6 үй, тел:8-72147-56791	Төраға - Тусупов Манат Хамитович, Төраға орынбасары - Шайхин Биржан Серикович, Хатшы - Олжабаева Кенжегул Ныгметовна, Мүшелер: Канафин Айдар Алпысбекович, Төлеуова Гукку Арнешқызы
40	№ 504 референдум учаскесі	Бастал ауылы, Бастал ауылының клубы, Бастал көшесі, 26 үй, тел:8-72147-56567	Төраға - Калымжанова Мархабат Жанатовна, Төраға орынбасары - Жумадилов Мерекес Серикович, Хатшы - Ахметова Динара Канафияқызы, Мүшелер: Жексенбаева Рымбике Орынбековна, Карсыбеков Жалел Жуматаевич
41	№ 505 референдум учаскесі	Тегішілдік ауылы, Тегішілдік ауылының клубы, Т.Әубәкіров көшесі, 7 үй, тел:8-72146-37508	Төраға - Сахай Шукирхан, Төраға орынбасары - Гомаров Сайран Максұтович, Хатшы - Шәкен Рахат Мартбекқызы, Мүшелер: Кусманов Мерхат Кабдуалиевич, Коккозова Алтын Ашимовна
42	№ 506 референдум учаскесі	Жарлы ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Жарлы ауылының жалпы білім беретін № 9 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарлы көшесі, 29 үй, тел:8-72146-37702	Төраға - Айтжанова Диана Ахатовна, Төраға орынбасары - Жубиқенова Жанна Зулхарнаевна, Секретарь - Смагулова Айман Тишбековна, Мүшелер: Жиенбаев Надер Дюсенбаевич, Манапова Жәмила Ахатқызы
43	№ 507 референдум учаскесі	Қарынши ауылы, Қарынши көшесі 21 үй, тұрғын үй, тел:8-72146-50485	Төраға - Айтқожина Рая Айтмағанбетовна, Төраға орынбасары - Садуов Оразбай Қусаинович, Хатшы - Тусупова Загира Кусаиновна, Мүшелер: Айтқожин Досым Рахметович, Мансуров Бауыржан Егинбаевич
44	№ 508 референдум учаскесі	Татан ауылы, Татан ауылының мәдениет үйі, Орталық көшесі, 14 үй, тел:8-72146-53060	Төраға - Омашев Сайрат Аманович, Төраға орынбасары - Рахымбеков Мейрам Жақыбаевич, Хатшы - Ельшибеков Азамат Мейрамович, Мүшелер: Ильишова Қулия Ережеевна, Смагулова Несипгуль Рымкалиевна
45	№ 509 референдум учаскесі	Қарағаш ауылы, Қарағаш ауылының клубы, Құрлыс көшесі 16/2 үй, тел:8-72146-53386	Төраға - Омарқұлов Бауыржан Ескендрович, Төраға орынбасары - Ильишова Алмагуль Ережеевна, Хатшы - Алиманова Карлығаш Кабдыманатовна, Мүшелер: Кауқенова Гульдаурен Қарибаевна, Игликов Саулет Женисович
46	№ 510 референдум учаскесі	Томар ауылы, Томар ауылының клубы, Томар көшесі, 10А үй, тел:8-72146-53211	Төраға - Қыстаубаева Камилла Аскербековна, Төраға орынбасары - Алпанов Серік, Хатшы - Шурабаева Жаная Аскарқызы, Мүшелер: Тәліпова Жаңагүл Әмірханқызы, Даулетбаев Кайырбай Қыдырбаевич
47	№ 511 референдум учаскесі	Матақ ауылы, Матақ ауылының клубы, Мәдениет көшесі, 3А үй, тел:8-72146-50214	Төраға - Тусупбекова Элмира Мекентаевна, Төраға орынбасары - Смакова Акку Калиевна, Хатшы - Жуманова Светлана Сагинтаевна, Мүшелер: Манапов Еркебулан Асхатович, Рахметов Рамазан Төлеуович
48	№ 512 референдум учаскесі	Ынталы ауылы, Ынталы ауылының клубы, Бейбітшілік көшесі, 13 үй, тел:8-72146-50011	Төраға - Балмағанбетов Толеген Шайкенович, Төраға орынбасары - Нұртаза Гүлзат Алпысбайқызы, Хатшы - Танирбергена Жанәгул Серикбаевна, Мүшелер: Коржингулов Дулат Саятбекович, Кенешова Альфия Фаризовна

49	№ 513 референдум учаскесі	Теректі ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Теректі ауылының жалпы білім беретін № 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Абай көшесі, 26 үй, тел:8-72147-57755	Төраға - Сергазин Халықаман Секенович, Төраға орынбасары - Асылханов Алмаз Максимович, Хатшы - Бодешова Майгуль Ақыновна, Мүшелер: Төкенов Дулат Төкенұлы, Әбдірахманова Лаура Байболатқызы
50	№ 514 референдум учаскесі	Шөптікөл ауылы, Шөптікөл көшесі, 6 үй, жеке ғимарат, тел:8-72147-56394	Төраға - Мустафин Кайыр Масович, Заместитель председателя - Смагулов Ақан Кайржанович, Хатшы - Шахметова Гульназира Кабылдина, Мүшелер: Балкенов Дулат Балкеноұлы, Масова Даметкен
51	№ 515 референдум учаскесі	Қызылшілік ауылы, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қызылшілік ауылының № 41 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылшілік көшесі, 15 үй, тел:8-72147-56618	Төраға - Курманжанов Нұрсұлтан Берлибекович, Төраға орынбасары - Асылбеков Мерей Асылбекұлы, Хатшы - Жакупова Анара Кадетовна, Мүшелер: Оскентаева Меруерт Серикбаевна, Магмур Унзила

**Қарқаралы ауданының аумақтық референдум комиссиясы**

## 2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу үшін Қарқаралы ауданы бойынша референдум учаскелерінің шекаралары

№ р/с	Референдум учаскесінің нөмірі	Референдум учаскелерінің шекаралары
1	№ 465 референдум учаскесі	Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, Сеңкібай батыр, М.Бекметов, Қ.Қуанышбаев, Мәди, М.Мамырбаев, П.Теряев көшелерінің тұрғын үйлері, «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сосновый бор» орамы, «Тасбұлақ» орамы, «Кооператор» демалыс базасы, «Қарму» демалыс базасы, «Жас Дәурен» орамы, «Кендара» орамы, «Аюшат» қардоны, «Тасбұлақ» орамы, «Александров бұлағы» қардоны, «Ескі тәлімбағы» қардоны, «Кендара сағасы» қардоны, «Шаңқоз» қардоны үйлері, «Нөкіш» қыстағы
2	№ 466 референдум учаскесі	М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, Т.Әубәкіров көшелерінің тұрғын үйлері (№137 ден №159-ға дейінгі үйлерді қоспағанда)
3	№ 467 референдум учаскесі	Құнанбай Қажы, А.Қосыбаев, Жәнібеков, Асылбеков, К.Сатыбалдин, Г.Игенсартов, Т.Әубәкіров (133Б, 135В, 135Г, 137-ден 159-ға дейінгі үйлер) көшелерінің тұрғын үйлері
4	№ 468 референдум учаскесі	Жанақ ақын, В.Рей, Абай, 78 Коммунар, көшелерінің тұрғын үйлері, «Шахтер» демалыс базасы, «Турбаз» демалыс базасы, «Каскад» демалыс базасы, «Оян-аға» демалыс базасы, «Кімасар» қардоны, «Қызылтас» қардоны, «Линда» қардоны, «Пашенное» қардоны, «Жауыртоғай» қардоны, «Шолақдара» қардоны, «Шоқпартас» қардоны, «Актопырак» қардоны, «Барс» демалыс базасы, «Политехник» орамы, «Қарқаралы ауданының аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Жемчужина» демалыс үйі, «Қаратоқа» қардоны, «Романтик» демалыс базасы, «Суық бұлақ» қардон, «Бидайық» қыстағы
5	№ 469 референдум учаскесі	№ 18, № 19, № 21, № 22, № 23, № 26, № 27 орамдарының тұрғын үйлері, А.Ыбраев, К.Сәтпаев, Өнеркәсіп, Талды, Н.Әбдіров көшелерінің тұрғын үйлері
6	№ 470 референдум учаскесі	13 орамның тұрғын үйлері, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, А.Машанов, Абай, Атақоныс, Б.Момышұлы, Ж.Жүнісов, Қ.Аманжолов, Крайняя, Н.Төлеубаев, Набережная, Кенді өлке, Центральная, көшелерінің тұрғын үйлері
7	№ 471 референдум учаскесі	Заречная, Мектеп, Новая, Школьная көшелерінің тұрғын үйлері, қардон «Бидайық», қардон Найза, Актерек ауылына қарасты қыстақтар
8	№ 472 референдум учаскесі	Абай, Байжұманов, Балқантау, Ғ.Айтбаев, Дара, Ж.Елебеков, Қ.Есжанов, Қазыбек Би, Мәди, Н.Әбішев, Н.Нұрмақов, О.Жәкешов, С.Киров, Совет, Тәттімбет, Х.Ақбаев, Х.Ахметов, Ю.Гагарин көшелерінің тұрғын үйлері және Егіндібұлақ ауылдық округіне қарасты қыстақтар
9	№ 473 референдум учаскесі	Абай, Айнабұлақ, Достар, М.Әуезов, Мендеке батыр, Мошеке би, О.Сүлейменов, С.Бегалин, Т.Әубәкіров, Тәттімбет, Теміртау, Тың игеру, Ырғыз көшелерінің тұрғын үйлері және Айнабұлақ ауылына қарасты қыстақтар
10	№ 474 референдум учаскесі	Мыржық ауылының тұрғын үйлері және Мыржық ауылына қарасты қыстақтар
11	№ 475 референдум учаскесі	Г.Омаров, Қ.Қуанышбаев, М.Толыбаев, М.Мамырбаев, Н.Қабдыкәрімов, Р.Қойшыбаев, Т.Әубәкіров, Ынтымақ көшелерінің тұрғын үйлері, 9 разьезд тұрғын үйлері және Ақжол ауылына қарасты қыстақтар
12	№ 476 референдум учаскесі	Жаңанегіз ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Жаңанегіз ауылына қарасты қыстақтар
13	№ 477 референдум учаскесі	Жамалиден, Жеңіс, Қ.Аманжолов, Кент, Мәди, Талды көшелерінің тұрғын үйлері, «Болпан», «Жалған» қардондары және Талды ауылына қарасты қыстақтар
14	№ 478 референдум учаскесі	Ақбай-Қызылбай ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Ақбай-Қызылбай ауылына қарасты қыстақтар
15	№ 479 референдум учаскесі	Белдеутас ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Белдеутас ауылына қарасты қыстақтар
16	№ 480 референдум учаскесі	Сарыобалы ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Сарыобалы ауылына қарасты қыстақтар
17	№ 481 референдум учаскесі	Аққора ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Аққора ауылына қарасты қыстақтар
18	№ 482 референдум учаскесі	Абай, Айтбаев, Бөгенбай, Елебеков, Қазыбек би, Мәди, Нұрмақов, Т.Әубәкіров, Тәттімбет көшелерінің тұрғын үйлері, Шілдебай ауылының тұрғын үйлері және Тәттімбет ауылдық округіне қарасты қыстақтар
19	№ 483 референдум учаскесі	Абай, Б.Момышұлы, Достық, Жамбыл, Жастар, Жеңіс, Қ.Аманжолов, Қазақстан, Қарабик, Н.Әбдіров, Нұрмақов, Сейфуллин көшелерінің тұрғын үйлері және Қарабұлақ ауылына қарасты қыстақтар
20	№ 484 референдум учаскесі	Айнабұлақ ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Айнабұлақ ауылына қарасты қыстақтар
21	№ 485 референдум учаскесі	А.Омарбайұлы, Д.Байгүлұлы, Ж.Арқарқозұлы, Мәди, С.Қалпақұлы, Тәуелсіздік, Ш.Мезгілбайұлы көшелерінің тұрғын үйлері, Шолаққайың ауылының тұрғын үйлері және Бакты ауылына қарасты қыстақтар
22	№ 486 референдум учаскесі	Абыз ауылының тұрғын үйлері және Абыз ауылына қарасты қыстақтар
23	№ 487 референдум учаскесі	К.Әбдірасыл, К.Сатыбалдин, Көрпебаев, О.Құлтабаров, Р.Дүйсенбаев көшелерінің тұрғын үйлері, Қарашоқы ауылының тұрғын үйлері және Бесоба ауылына қарасты қыстақтар
24	№ 488 референдум учаскесі	Қызылту ауылының тұрғын үйлері және Қызылту ауылына қарасты қыстақтар
25	№ 489 референдум учаскесі	Бейбітшілік, Жанақоныс, Ұшқын көшелерінің тұрғын үйлері және Жанатоган ауылына қарасты қыстақтар

Соңы. Басы 2-3 беттерде

26	№ 490 референдум учаскесі	Ежебай ауылының тұрғын үйлері және Ежебай ауылына қарасты қыстақтар
27	№ 491 референдум учаскесі	Атамекен, Жарлы, Машанов, Мектеп, Н.Әбдіров, Сары арқа көшелерінің тұрғын үйлері, Ақшоқы бөлімшесінің тұрғын үйлері, Жекежал бөлімшесінің тұрғын үйлері және Нұркен Әбдіров ауылдық округіне қарасты қыстақтар
28	№ 492 референдум учаскесі	А.Азиев, Абай, Қ.Аманжолов, К.Сейілхан, Утар көшелерінің тұрғын үйлері, Жалпақшілік ауылының тұрғын үйлері, Саз ауылының тұрғын үйлері және Аппаз ауылына қарасты қыстақтар
29	№ 493 референдум учаскесі	Милябұлақ ауылының тұрғын үйлері және Милябұлақ ауылына қарасты қыстақтар
30	№ 494 референдум учаскесі	Тың 25 жылдығы, Қазақстан 60-жыл, Жастар, Комплекс, Құрылысшылар, Саран, Студенческая, Тәттімбет көшелерінің тұрғын үйлері және Қарақол ауылдық округіне қарасты қыстақтар
31	№ 495 референдум учаскесі	Абай, Болашақ, Жібек жолы, Сарыарқа, Тәуелсіздік көшелерінің тұрғын үйлері және Көктас ауылына қарасты қыстақтар
32	№ 496 референдум учаскесі	Жаңажол ауылының тұрғын үйлері, Саумалкөл станциясының тұрғын үйлері және Жаңажол ауылына қарасты қыстақтар
33	№ 497 референдум учаскесі	Ардагер, Бүркітті, Қоңырбаев, Пионер, Талды, Теряев, Тың көшелерінің тұрғын үйлері, Жәнібек ауылының тұрғын үйлері және Бүркітті ауылына қарасты қыстақтар
34	№ 498 референдум учаскесі	Борлыбұлақ ауылының тұрғын үйлері, Кент ауылының тұрғын үйлері және Борлыбұлақ ауылына қарасты қыстақтар
35	№ 499 референдум учаскесі	Талды станциясының тұрғын үйлері
36	№ 500 референдум учаскесі	Алаш, Бірлік, Жаңа ауыл, Жәрменке, Нұрмаков, Сарыарқа, Талды, Тәттімбет, Тәуелсіздік көшелерінің тұрғын үйлері, Атантай ауылының тұрғын үйлері және Қоянды ауылдық округіне қарасты қыстақтар
37	№ 501 референдум учаскесі	А.Әбішев, Құрылыс, Мәди, Тәттімбет көшелерінің тұрғын үйлері және Айрық ауылына қарасты қыстақтар
38	№ 502 референдум учаскесі	Едірей ауылының тұрғын үйлері және Едірей ауылына қарасты қыстақтар

39	№ 503 референдум учаскесі	Біржан Сал, Ж.Елебеков, Заречная, Н.Нұрмаков, Озерная көшелерінің тұрғын үйлері, Қолбасы ауылының тұрғын үйлері және Әсібай ауылына қарасты қыстақтар
40	№ 504 референдум учаскесі	Бастал ауылының тұрғын үйлері және Бастал ауылына қарасты қыстақтар
41	№ 505 референдум учаскесі	Қаратал, Мәди, Т.Әубәкіров көшелерінің тұрғын үйлері, кардон «Төңкеріс», «Көктөбе», және Тегісшілдік ауылына қарасты қыстақтар
42	№ 506 референдум учаскесі	Жарлы ауылы көшелерінің тұрғын үйлері, «Жаңабет» кардону және Жарлы ауылына қарасты қыстақтар
43	№ 507 референдум учаскесі	Қарынши ауылы көшелерінің тұрғын үйлері және Қарынши ауылына қарасты қыстақтар
44	№ 508 референдум учаскесі	Қ.Аманжолов, Керегежал, Мектеп, Мереке, Орталық, Студенческая, Татан, Темірші көшелерінің тұрғын үйлері және Татан ауылына қарасты қыстақтар
45	№ 509 референдум учаскесі	Қараағаш ауылының тұрғын үйлері, Айнабұлақ ауылының тұрғын үйлері және Қараағаш ауылына қарасты қыстақтар
46	№ 510 референдум учаскесі	Абай, Ақбосаға, Б.Бекбаев, Бәсімбеков, Достық, Қ.Аманжолов, Кулькин, М.Өуезов, М.Рыскулов, Мәди, Томар көшелерінің тұрғын үйлері және Томар ауылдық округіне қарасты қыстақтар
47	№ 511 референдум учаскесі	Бейбітшілік, Наурыз, Тәуелсіздік, Желтоқсан, Матақ батыр, Қазақ елі, Мәдениет, көшелерінің тұрғын үйлері, «Жосалы» шипажайы, 6 разъезд және Утар ауылдық округіне қарасты қыстақтар
48	№ 512 референдум учаскесі	Бейбітшілік, Мектеп, Нұра, Тәуелсіздік көшелерінің тұрғын үйлері, 5 разъезд және Ынталы ауылдық округіне қарасты қыстақтар
49	№ 513 референдум учаскесі	А.Загиева, Абай, Б.Шегебаев, Қазыбек би, Х.Ахметов көшелерінің тұрғын үйлері және Теректі ауылына қарасты қыстақтар
50	№ 514 референдум учаскесі	Шөптікөл ауылының тұрғын үйлері және Шөптікөл ауылына қарасты қыстақтар
51	№ 515 референдум учаскесі	Қызылшілік ауылының тұрғын үйлері, Айыр ауылының тұрғын үйлері және Қызылшілік ауылына қарасты қыстақтар

Ерлікке тағзым

Тарих жылнамасында қаралы, нәубет жылдарымен есте қалған, он жылға созылған Ауған соғысы – жүректерге жазылмас жара салған қасіретті кезең. Жылдар зулап өтсе де, Ауған жеріне «интернационалистік борышын өтеу» деген желеумен аттанған қаншама қазақ азаматтары зұлматты бастан көшіп, отты белуардан көшті. Қару асынып, кеудесін оққа тосқан, өмірі қыршынан қиылған боздақтарымыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. 1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен толық шығарылуымен соғыс аяқталды.

Ауған асуында от кешкендер



Осы тарихи күнге орай, жыл сайын ақпан айында мектебімізде ауылымыздың мақтанышы, Ауған соғысының ардагері, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері Дулат Коржунгуловпен кездесу өткізу ірі дәстүрге айналған.

Был Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 37 жыл толуына орай Ынталы ауылы ЖББ №3 мектебінің 8-сынып оқушылары «Ауған асуында от кешкендер» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Құрметті қонағымыз – жерлесіміз Дулат Коржунгулов болды.

Сынып жетекшіміз Раушан Баймурынова Дулат ағаймен 1985–1987 жылдары бірге қызмет еткен қаруластары – Нұркен ауылының тумасы Сайран Нұрпейісов пен Тоқтар ауылының тумасы Талғат Мусинмен онлайн сұхбат ұйымдастырды. Олар 1985 жылы Қарағанды қаласындағы ФАСААД әскери-техникалық мектебінде үш айлық оқу-жаттығудан өтіп, «жүргізуші-механик» куәлігін алғандарын айтты. Сол кезде Сайран Нұрпейісов, Қарқаралы қаласының тумасы Қайрат Исымов, Талғат Мусин және Дулат ағай көктемгі шақыртумен әскерге бірге аттанған.

Ауған жерінде олар Гиндукуш тауындағы тарихта «Саланг өткелі» деп аталатын стратегиялық маңызды аймақта азаматтық борыштарын атқарған. Бұл өткел – Ауғанстанның солтүстігі мен орталығын жалғайтын жалғыз жол. Осы жол арқылы азық-түлік пен оқ-дәрі тиелген көліктер үздіксіз қатынаған.

Бір ауыр шайқаста майдангер досы

Қайрат Исымов ауыр жараланады. Сол сәтте Дулат ағай оқ пен оттың арасынан алғаш болып жетіп, жаралы досын арқасына салып, қауіпсіз аймаққа шығарып, әскери госпитальге жеткізеді. Осы ерлігі үшін 1987 жылы Дулат Коржунгулов «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Өкінішке қарай, Қайрат Исымов 2024 жылы өмірден озды. Дегенмен, ол Дулат ағайдың ерлігін өмір бойы мақтанышпен айтып өткен екен. Тіпті әскерден аман оралып, шаңырақ көтеріп, ұлды болғанда, досының құрметіне баласының есімін Дулат қойған. Ашық тәрбие сағатында Қайраттың ұлы – Дулат Қайратұлымен онлайн бейнебайланыс орнатылып, ол әкесінің естеліктерімен бөлісіп, ардагерге шынайы алғысын білдірді.

Апта барысында мектебіміздің «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мұғалімі Абылай Қапаев спорттық турнир ұйымдастырып, жеңімпаз оқушыларды Дулат ағайдың өзі марапаттады. Бұл жас буынның бойында отансүйгіштік рухты күшейте түсті.

Тәрбие сағаты барысында айтылған естеліктер бізге батырлық пен ерліктің шынайы үлгісін көрсетті. Дулат ағайдың елге, Отанға деген сүйіспеншілігі – біз үшін үлкен өнеге.

«Еліңді сүйсең – ерлік істейсің» демекші, бұл кездесуден алған әсер жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Ынталы ауылы ЖББ №3 мектебінің 8-сынып оқушылары**

Бильярд

Аудан ақсақалдары сайысты

Қарқаралы қаласында Ауған соғысы боздақтарын еске алу күніне орай аудан ардагерлері арасында бильярдтан сайыс өтті.

Осыдан 37 жыл бұрын, 1989 жылдың 15 ақпанында КСРО әскерлері Ауғанстаннан шығарылып, он жылға созылған мақсатсыз соғыс аяқталды. Бұл оқиға келмеске кеткен Кеңес Одағы құрамындағы республикалар үшін үлкен тарихи мәнге ие болды. Майданға Қазақстаннан да мыңдаған азамат қатысып, кеңес билігі өктемдікпен араласқан абыройсыз соғыстың салдарынан олардың бірқатары туған елге оралмай, жат жерде мәңгілікке қалды. Ауған соғысына қатысушыларға «жауынгер-интернационалистер» деген мәртебе берілгенімен, бұл – өкінішті де қасіретті оқиға. Сондықтан, 15 ақпан – КСРО басшылығының қателігінен жат жерде қаза тапқан жауынгерлерді еске алу, олардың есімін ұлықтау және сол кездегі мемлекет билігінің бұйрығымен соғысқа еріксіз араласып, аман оралған майдангерлерге құрмет көрсету күні ретінде аталып, түрлі спорт жарыстары өткізіледі. Быыл



ұйымдастырылған бильярд сайысына өңірден он бір ардагер қатысып, ақсақалдар өрнекті, тартысты ойын үлгісін көрсетті. Көрермендердің көзін қуантқан жарыс қорытындысы бойынша Қасым ауылының тұрғыны Жаңабек Арапов жеңімпаз атанды. Қарқаралы қаласының тұрғыны Саят Оспанов екінші орыннан көрінді. Үшінші жұлде Аман Сібағатовтың қанжығасына байланды. Жеңіс тұғырына көтерілген ақ-

сақалдар мадақтама қағаздармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Жарысқа ауданда тұратын Ауған соғысының ардагерлері де-меушілік жасады.

**Өз тілшімізден СУРЕТТЕРДЕ:** Ауған соғысы боздақтарын еске алу күніне орай аудан ардагерлері арасында бильярдтан ұйымдастырылған сайыстан көріністер

Спорт

**Қыс – Қарқаралы өңіріне ерекше ажар беретін мезгіл. Ақ ұлпа қар жамылған дала, самал желмен жарыса сырғанаған шаңғышылар – мұның бәрі туған өлкеңіз тіршілікке толы тынысын аңғартады. 13 ақпан күні Қарқаралы ауданының Қасым ауылында оқушылар арасында шаңғыдан аудан кубогының IV кезеңі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, спортсүйер қауымның басын қосты.**

Бұл жарыс – тек спорттық дода ғана емес, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ауыл мен қала мектептерін бір арнаға тоғыстырған маңызды шара. Сайысқа Татан, Қарағаш, Томар, Сарыобалы, Қасым ауылдары мен Қарқаралы қаласының командалары қатысып, жас спортшылар өзара мықтыны анықтады.

4–5 сынып оқушылары арасында өткен жарыс тартысқа толы болды. Ұлдар арасында I орынды Амангелді Алдияр иеленсе, II орын Мушкеев Нұраятқа бұйырды, III орынды Смақан Жәрдем қанағат тұтты. Қыздар арасында Сағынтай Ғалия жеңіс тұғырынан көрініп, Саят Айда – екінші, Жолжақсын Саяна – үшінші орынға ие болды.

6–7 сынып оқушылары арасында да бәсеке қыза түсті. Ұлдар арасында Корнуки Кирилл үздік нәтиже көрсетіп, Тиыштық Илияс – II, Еркінов Ельдар – III орынды иеленді. Қыздар арасында Мүсі Бибіңұр топ жарса, Болат Аяру – екінші, Сағынтай Шұғыла – үшінші орынға тұрақтады.

8–9 сынып оқушылары арасында Ти-

Қасымдағы қарлы дода



ыштық Нұралы жеңіс тұғырынан көрінді. Григорев Леонид II орынды, Жақып Марғұлан III орынды иеленді. Қыздар арасында Корнуки Ангелина I орын алса, Какибаева Дана – II, Амангелді Инжу – III орынға ие болды.

10–11 сынып оқушылары арасында да шеберлік пен төзімділік сынға түсті. Ұлдар арасында Тілек Әли I орынды жеңіп алса, Қайырбек Мәди – II, Бақыт Әмір – III орынға жайғасты. Қыздар арасында Еркін Аружан жеңімпаз атанып, Еркін Инжу – екінші, Байсерке Медина – үшінші орынды қанжығасына байлады.

Ересектер арасында өткен жарыс жас буынға үлгі боларлықтай өтті. Ерлер арасында Жасұланұлы Жансерік I орынды жеңіп алса, Мұхтаров Тәуіржан – II, Меліс

Саябек – III орынға ие болды. Әйелдер арасында Жунусова Гүлназ I орын алса, Адабаева Мөлдір II орынды иеленді.

Жұлдегерлер мен жеңімпаздар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің мадақтамалары, медальдары мен кубоктарына ие болып, ауыл тұрғындарының қаржылай сыйлықтарымен марапатталды. Бұл – спортшылар еңбегіне көрсетілген зор құрмет пен қолдау.

Қарлы Қасым төрінде өткен бұл жарыс бірліктің, достықтың және табандылықтың мерекесіне айналды. Ақ қардың үстінде із қалдырған жас шаңғышылардың әр қадамы – салауатты өмірге бастар сенімді қадам.

**Өз тілшімізден**

## Жақсының жақсылығын айт

**Бүгінгі кейіпкеріміз – Жәміш Қапанқызы Молдақашеваның маңдайына ауыртпалығы мол, бірақ бақыты одан да үлкен тағдырды жазыпты табиғат шебер.**

Қазақ ұлтының басына XX ғасырда адамзат баласы жаратылғаннан бері көз көріп, құлақ естімеген апаттар әкеліп, нәубеттер туғызған, отаршыл Ресей империясының орнына келген Кеңестер Одағының сыны мен сынақтарын өзге әулеттер сияқты Молдақаш ата мен Көкен (Құлқамила) әже және олардан өрбіген ұрпақтар толығымен көрді: ғасырлар бойы мал сүмесімен тіршілік еткен елдің төрт түлігін тартып алып, ұлы даланы ақсөңке сүйекке толтырған кәмпеске басталған кезде Арқалық тауы ішіндегі ата қонысынан ірге көтерген отбасы аяғынан қаз басқан Қапан (Қабдырахман) мен Жәמידі (Гүлжәмила) жетелеп, омыраудағы Кәденді көтеріп, Семей арқылы Ертістен өтіп, Сібірдегі орыс ішіне сіңіп кете барады. Сол бетінде аяқ суытпай, Буратияның орталығы Улан-Уде қаласына жетіп тоқтаған екен. Бұл жақтың да шекесі шылқып отырғаны шамалы, сөйтсе де, кеңестік билік мұндағы жұртқа дәл қазақтарға қырын келгендей озбырлық жасамаған екен. Мұнда келген соң әулеттің ересектері қолынан келетін істерін атқарып, кішілері мектепке барып, сауат ашып, қалыпты өмірге араласады. Отбасының кенжесі Кәкеннен басқа балалары осында жарық дүниеге есігін ашқан дүр.

Молдақаш ата мен Көкен ана атамекенге жиырма жылдай уақыт өткізіп оралады. Отағасы байырғы малшылық кәсібінә кіріссе, әулет анасы балалар тәрбиесімен айналысты. Ол кісі 17 құрсақ көтерсе, соның он үші аштықтан аман қалып, ел қатарына қосылыпты. Солардың үлкені, төлбасы Қапан елге келген соң Қоянды МТС-іне механизатор болып орналасып, кейін Арқалық МТС-інде автомобиль жүргізушісі жұмысына ауысады. 1953 жылы қарындасы Зылиқамен сыныптас Дәмеш Жапарқызына үйленіп, Қабдылманат (Мәнтай), Жәміш, Көкім, Серік есімді балалары дүниеге келіп, үлкен, үлгілі отбасына ие болған азамат шаруашылықтың кез-келген жұмысынан тыс қалмайды. Іске мығым, сөзге берік екенін көрсетеді. Өзге ұлттардың ішінде өсіп, өмір мектебінен өткен, екі тілде бірдей сауатты, техника сырын жақсы білетін жігіт ұзамай жаңа ұйымдастырылып жатқан Қу автобазасына гараж меңгерушісі қызметін атқару үшін туған аулы Арқалықтан аудан орталығы Егіндібұлаққа шақырылады. Отбасының кішілері – Мейрамбек (сәби кезінде шетінеген), Әнуарбек және Гүлбаршын Егіндібұлақта туыпты.

Қоғамның жұмысымен қатар отбасының, әулетінің жағдайын ойлаған Қапан іргесін кеңейтіп келе жатқан Егіндібұлақ аулының желкесіндегі қыра, Балқантаудың түстік бауырына өз отауының қазығын қағады. Кейін ел Дара атап кеткен көшедегі алғашқы үйдің орналасқан жері туралы кейіпкеріміз Жәміш былай деп еске алады: – Егіндібұлақтың Дара көшесіндегі жаңа жайға алғаш қоныстанған кезде бүлдіргенді үйдің дәл жанынан жинайтынбыз. Шөп қалың, белуардан келетін. Бүлдірген шелек-шелегімен теріледі. Далаға дастарқанды жайып тастан, қазанға сірне пісіріп, самаурынды қарағайдың бүршігімен қайнатып, мәре-сәре болып шай ішетінбіз.

Жәміштің әкесі өз отауының жанынан ата-анасы, кейін кенже інісі, қара шаңырақтың иесі Көкен тұрған және тетелес інісі Кәден, жиен ағасы Жұмағали қоныстанған үйлердің іргетасын қалайды. Кәсіби міндетіне де, туған-туыстар алдындағы парызына да зор жауапкершілікпен қараған, дос-жарандары мен әріптестерінің арасында құрметті болған әкесі Қапан шұғылынан келген ауыр науқастан 1965 жылы 3 қаңтарда, 41 жасында қайтыс болады. Бұл – сегізге енді толатын Жәміштің өміріндегі алғашқы, қатты соққы еді. Сөйтіп, алды он жастағы, соңы туғанына 23 күн болған алты бала жетім, 28 жастағы аналары жесір аңырап қала береді.

Нәресте шағында автомобиль апатынан

## Жәміштің жанарындағы жарқыл



алған жарақаты салдарынан ағасы Мәнтай алғашқы мүшелінде мүгедек болып қалып, қалған ғұмырында балдақпен жүрді. Бұл да алдымен анасының, одан соң іні-қарындастарының жүрегіне салмақ түсірді. 6 сыныптан соң Алматыда емделіп, арнайы мектепте оқыған Мәнтай кейін сағат жөндеуші курсы бітіріп, адал еңбегімен қоғамнан өз орнын алды.

Қазақ аулында туып-өскен, мектеп табалдырығын аттағанша бір ауыз орыс сөзін білмеген балаларын әуелде әкелері Қапан, кейін аналары Дәмеш орыс сыныптарына береді. Орысша білмесең жолың жабылады, ешқайда оқи да, қызмет те атқара алмайсың деген түсінік қалыптасқан кез ғой. Дегенмен, жаз бойы Айрықтағы нағашыларына барып жүріп, бұл үйдің балалары екі тілге бірдей жетік болады.

Әке аманатына адал Жәміш мектепті үздік бітірген соң Алматыдағы Қыздар педагогика институтының психология-педагогика факультетіне түсіп, 1977 жылы оны сәтті тәмамдап, 1978 жылдың күзінде Егіндібұлаққа оралады. Сол жылы аудандық оқу бөліміне мектепке дейінгі тәрбие жұмысы бойынша әдіскер штаты берілген екен, осы лауазым Жәміш Қапанқызына дөп келеді. Мұнда ол мекеме басшысы Төлеутай Сартымбаев және Мағуза Жақыпбаева, Дәмен Тойбазарова, Камал Сәдуақасов, Қапиет Қапсәттаров, Тұңғат Оразбаев, Кама Шұғайыпова, Мұрат Қасымов, Данияр Ешімханов, Әркен Елеусізов, Мұрат Адамбаев, Бибігүл Мұқанова, Асан Ыбыраев, Төлеш Ілиясов, Алмагүл Жақашева сияқты әріптестерімен қоян-қолтық араласып еңбек етті. Олар жас қыз ортаға тез сіңіп, тәжірибелі жинауына жәрдем берді. Жәміш бір жылдан кейін аудандық комсомол комитетінің хатшысы етіп сайлады. Ол мектептегі комсомол мүшелерінің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырумен айналысты. Осы кезеңде жүргенде болашақ жұбайы Серікбек Қожахметовпен танысып, олар 1981 жылы жазда отау құрды. Екеуінің жарастығынан төрт бала дүниеге келді. Сауатты есеп-қисап маманы, мінезі біртеге, тамаша азамат Серікбек 1998 жылы, Баспасөз күні тосыннан қайтыс болды. Жәміштің тағдырындағы кезекті соққы – осы. Шүкірлік ететіні, ұлдары ержетті, бір-бір үйдің отағасы, немерелері өсіп келеді. Өз шаңырағына қоса Алматыдағы, Астанадағы және Қарағандыдағы

үш отауының ортасында кезек мейман болып ғұмыр кешуде зейнеткер әже.

Комсомол жұмысында, 1982-1989 жылдары аудандық оқу бөліміндегі қызметінде іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен Қапекеннің «алтын қызы» 33 жасында Егіндібұлақтағы «Айгөлек» балабақшасына меңгеруші болып тағайындалды. 1975 жылы ашылған, өңірдегі бетке ұстар мекеме ғимараты осы уақытта тозып, жұмысы да тұралап қалған екен. Бірден күрделі жөндеу жүргізіп, оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстарды заманауи талаптарға сай жолға қойды. Сөйтіп, табандылығының арқасында бірер айдың ішінде оны аудандағы озық мекемелердің біріне айналдырды. Ж.Молдақашева «Айгөлек» балабақшасын 2005 жылға дейін басқарды.

Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы басталғанда адамдар бірнеше ай жалақы алмады, еңбекақы өлшеулі азық-түлікпен берілді, жеке меншік пен шаруашылықтағы мал теңсіз айырбасқа түсіп, арзанға кетті. Мұны «Айгөлек» балабақшасы да бастан кешті. «Жығылғанға – жұдырық»: 1997 жылы аудан таратылып, ауыл округтері Қарқаралыға қосылды. Кәсіпорындар, мекемелер жабылып, ел Қарағандыға, басқа да өнеркәсіпті орталықтарға үдере көше бастады. Тұрғындардың күнкөрісі, тұрмыстық жағдайы одан әрі ауырлай түсті. Электр қуаты түнгі уақыттары ғана берілді. Жабылған мекемелер тоналып, ғимараттары бұзылды. Жарамды құрылыс материалдары жаңадан жиналып жатқан Астанаға тасылды. Ғимараттардың металл бөлшектері ұрланып, Қытайдың қайта өңдеу кәсіпорындарына жөнелтілді.

Осы тұста Жәміш Қапанқызы жабылып қалған балабақшаны тонамай, қиратпай, заман түзелгенше аман сақтауды өз міндетіне алды. Қызметкерлерді қысқартып, жанына екі күзетші ғана қалдырды. Мекеме жергілікті әкімнің балансында еді. Ауылға ие басшы, балабақшада жарық жоқтығын, қараңғыны пайдаланып тонауға әрекет жасаған, терезелерді сындырмақ болғандар кездесті. Ғимаратта көптеген жабдықтар, ыдыс-аяқ, төсек-орын, жиһаздар мен металл бұйымдар бар еді. Осы жағдайлардан кейін Жәміш жанына бала-шағасы мен күзетшілерді алып, Арнольд деген итін ертіп балабақшаны күзететін болды. Қараңғы түсісімен ғимараттың жанындағы орындықтарға жастар жиналады. Иттің көмегімен күзетшілер оларды қуалап, сақтық жасайды. Сөйтіп, балабақшаны бұлар үш жыл бойы қорғаныста ұстады. Осы уақыттың ішінде: «Егіндібұлақ енді көркеймейді. Иесіз қалған ғимаратты бұзып, Астанадан коттедж салып алмайсың ба? Сендей маманға ол жерден қызмет табылады. Елдің бәрі солай істеп жатыр», – деген ақылшы достар табылды. Бірақ, мамандығына, ұрпақ алдындағы парызына адал, туған жерінің бір бөлшегін қолымен құлатуға ары бармаған, жүрегі дауаламаған Жәміш Қапанқызының.

2000 жылы Қарқаралы ауданының әкімі болып тағайындалған Ниқанбай Омарханов Егіндібұлаққа келіп, ауылмен танысып, тонаудан, қираудан аман қалған мекемелерді аралап көреді. Балабақша меңгерушісі лауазымын ресми атқарып жүрген Ж.Молдақашева осы сәтті пайдаланып: «Мына ғимаратты қанша күзетеміз, қашанға дейін қаңырап тұрады? Бірдене ашсаңыздаршы!» – деп, ғимаратты сыртынан көрсетеді. Балабақша үйі қаңқайып тұрғанымен ішінде ештеңе жоқ шығар деген сенімдегі аудан әкімі орынбасары Серік Торыбаевты, басқа да мекемелер басшыларын балабақшаны көруге жұмсайды. Олар мұндағы заттар мұрты бұзылмай тұрғанына, тіпті ойыншықтарға дейін сақталғанына таңғалады. Енді Ниқанбай Иманғалиұлы орынбасарлары мен аудандық мекеме басшыларын ертіп өзі келеді. «Жәміш деген кім? Сол кісіні көрейін деп келдім.

Мекемелердің бәрі жау шапқандай қирап, түгі қалмай талапайға түсіп ұрланғанда, мұндағы балабақша сап-сау, дүние-мүлкі шашуа шықпай сақтаулы тұр деп естіп келдім. Қане, көрсетші!» – дейді. Кейіпкеріміз: «Ғимаратқа электр тоғын қосып, көре беріңіздер», – деп жауап береді.

Электр қуаты тұрақты берілмеген жылдары ауылдағы барлық мекеменің сым желісі сыпырылып, ұрланған. Жанындағы әкімшілік ғимаратынан қолма-қол электр желісі тартылып, тоқ берілгені сол-ақ екен, балабақша іші жарқ ете қалады. Электр пешін қосса – қызып сала береді. Мұздатқышты қосса – гүр етіп іске қосылады. Терезелердің әйнектері сынбаған, перделері ілінген, барлық жабдығы мен мүлкі орнында. Таңданысын жасыра алмаған Ниқанбай Иманғалиұлы: «Рахмет! Күзде балабақшаны ашамыз! Бірақ, косметикалық жөндеу жүргізу керек», – дейді. Ж.Молдақашева бұрын балабақша жылуды №1 қазақ орта мектебінен алғанын, ол жабылып қалғанын, мекемеге дербес жылу қазандығы керектігін айтады. Әкім ұсынысты құптап, қазірден бастап көмір түсіруге бұйрық береді. Жазда мектеп мұғалімдері мен еңбек біржасына тіркелген адамдардың күшімен ғимаратқа косметикалық жөндеу жүргізіледі. Мекемені жылыту үшін «У – 6» қондырғысы орнатылады.

– 2000 жылы 1 қыркүйекте мектеп-балабақша ашылды. Топтарға 50 бала және 1-ден 4-ке дейінгі бір-бір бастаушы сыныптарға оқушылар қабылдарды. Мекеменің ашылу рәсімін салтанатты шара етіп өткіздік. Тұрғындардың еңсесі көтеріліп, ғимарат маңына ел жиналды. Әжелер шашу шашып, ізгі тілектерін білдірді. Рәш Әубәкірова апа батасын берді. Балалар тапқатар мен өлеңдер оқып, өн салды. Әсіресе, жас талант Айбек Рымғалиұлы үлкен өнерге жасаған алғашқы қадамымен мерекеге келген қонақтарды таң-тамаша қалдырды. Кейін ол «Әнші балапан» байқауына қатысып, топ жарды, – дейді Жәміш Қапанқызы сол күндерді еске алып.

Қарағандыдан 300 шақырым жердегі ауылда балабақша ғимараты шып-шырғасы шықпай сақталып, қайта ашылыпты деп естіген аймақ басшылары – облыстың сол кездегі әкімі Камалтин Мұхамеджанов, орынбасары Ералы Тожжанов, облыстың мәслихаттың хатшысы Қасымбек Медиев Егіндібұлаққа әдейілеп ат басын бұрып келіп, көріп кетеді. Егіндібұлаққа жабылып қалып, қайта ашылған мекемелердің алғашқысы осы «Айгөлек» балабақшасы еді.

Ұлдары ержетіп жоғары оқу орнына түскеннен кейін, 2005 жылы Жәміш Қапанқызы да Егіндібұлақта жалғыз қала алмай, балаларының жанына, облыс орталығына келді. Қарағандыда облыстық балалар үйінде, «Еркетай» балалар басқашында қызмет атқарып, 2009 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін, тіпті одан кейін де біраз уақыт Осакаров ауданының Степное аулындағы негізгі мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ берді.

Бүгінгі күндері жетпіс жасқа толып отырған, еңбекке араласқаннан бергі барлық белсенді өмірін ұрпақтар, жастар тәрбиесі мен біліміне бағыштаған Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1992) Жәміш Молдақашева кәсіби қызметіндегі жоғары жетістіктері қоғам өміріне белсене араласқаны үшін әкімшілік және өкілетті органдардың көптеген марапаттарына, мемлекеттік наградаларға, соның ішінде Ыбырай Алтынсарин медаліне (2001) ие болды.

Жәміш Қапанқызы 2018 жылдан бері Қарағандыда тұрады. Жанарында жарқыл бәрі – жас шағынан басқа түскен ауырлықтар мен өмір соққыларының есесі қайтқандай – ұл-келіндерінің қамқорлығына бөленіп, немерелерінің күлкісіне кенелуде.

Есенбай САРЫМЫРЗА

## Қоғам

**Қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып табылады.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

## Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себептері көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің төмендігі мен әдептілік ұстанымының болмауы әсер ететіні анық. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлы қарауы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, сондай-ақ жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талабын орындауда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар деп барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізуге міндетті.



Осы талаптарды білсе де, кейбір мемлекеттік қызметкерлер жемқор-

лыққа жол береді. Мүмкін, заңды білмегеннен немесе «бір жолға ештеңе

болмас» деп ойлағандықтан, қанша адам өзінің көп жыл атқарған тәжірибесін жоққа шығарып жатады. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің және азаматтардың қызметіне қатер төндіретін қауіпті дерттің алдын алу – халықтың өзінде.

Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы жұмылып, белсенді іс-қимыл жасау қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

ҚР АШМ АӨК МИК  
Қарқаралы аудандық аумақтық  
инспекциясы ММ

Фибратты ғұмыр

# Еңбекпен өрілген ғұмыр

**Арқаның сайын даласында орналасқан Қарқаралы ауданы – табиғаты көркем, тарихы терең мекен. Сол қасиетті өңірдің Қарынши ауылында дүниеге келген Оспанов Тойбек – ғұмырын туған топырағының өркендеуіне арнаған, ел ішінде еңбегімен абырой биігіне көтерілген азамат.**



Қарапайымдылық пен кішіпейлділік – оның болмысына жарасқан асыл қасиет.

жемісті еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталуы – азаматтық болмысына берілген лайықты баға. Сонымен қатар аудандық, аймақтық деңгейдегі алғыс хаттар мен құрмет грамоталары – ел сенімінің айғағы.

Бүгінде Көктас ауылында тұратын Тойбек ағай – үш перзенттің ардақты әкесі, әулетінің ақылшысына айналған қария. Жасы сексенге таяп қалса да, еңбектен қол үзген емес. Жастарға бағыт-бағдар беріп, адал еңбек етудің, туған жерге қызмет қылудың қадірін ұғындырып келеді. Оның әрбір сөзі – өмірден түйген тәжірибенің сүзгісінен өткен салмақты ой.

Оспанов Тойбектің ғұмыры – қарапайым еңбек адамының асқақ тұлғасын танытатын тағдыр. Ол даңқ іздеген жоқ, бірақ адал еңбегі оны елге танытты. Ол атақ қумады, бірақ еңбегі атақ әкелді.

Туған жерге тамыр тартқан мұндай тағдырлар – елдің еңсесін тіктейтін, ұрпаққа өнеге болатын өмір мектебі. Адалдықты серік еткен, еңбекті мұрат тұтқан Тойбек ағайдың өмір жолы – бүгінгі буынға үлгі, ертеңгі күнге сенім.

**Бекасыл ИСАТАЙ,  
Көктас ауылы**

Адамның қадірі – оның артында қалған ізмен өлшенеді десек, Тойбек ағайдың өмір жолы – маңдай термен жазылған тағылымды шежіре. Ол жастайынан еңбекке араласып, тіршіліктің ыстығы мен суығын қатар татқан буынның өкілі. Дәнекерлеу ісін ерте меңгеріп, темірді тілге келтірген шеберлігімен танылды. Уақыт өте келе электрлік, жөндеуші, шаруашылыққа қажетті сан түрлі кәсіптің қыр-сырын игеріп, ауыл өмірінің қайнаған ортасында жүрді.

Оның қолынан шыққан әрбір іс – ұқыптылықтың, жауапкершіліктің, адал еңбектің айғағы. Ауыл адамдары үшін ол тек маман емес, сенімді тірекке айналды. Қиын сәтте көмек қолын созып, жолай өткен жолашының да шаруасын шешіп беретін кең жүректі жан ретінде ел құрметіне бөленді.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

### 1) Жобалардың атауы:

Қарағанды облысындағы Тоғай-1 кен орнында темір кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы.

### 2) Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49.330908 С.Е., 76.244141 Ш.Б.

Тоғай-1 учаскесінің географиялық координаттары:

49° 24' 32,01" С.Е. 76° 04' 20,01" Ш.Б.

49° 24' 32,01" С.Е. 76° 04' 02,01" Ш.Б.

49° 24' 43,90" С.Е. 76° 04' 02,01" Ш.Б.

4) 49° 24' 43,90" С.Е. 76° 04' 20,00" Ш.Б.

### 3) Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 31 наурызда сағат 11.00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты а.о., Бақты а., Тәуелсіздік көшесі, 13 (а/о әкімдік ғимаратында).

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/77964548246?pwd=lsWfalV4Rgjl9ti7xIsQXdRk6i6qec.1>

Конференция идентификаторы: 779 6454 8246 Код доступа: 309316

### 4) Белгіленген қызметтің бастамашысы: «БАЗИС-ТАУ» ЖШС, БСН 241140024150, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., аудан.Қазыбек Би, механикалық көшесі, 1А құрылымы Тел. +7 (778) 775-68-88, эл.пошта: eurasian.land@mail.ru

### 5) Болуы мүмкін әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын, тиімділікті арттыру бағдарламаларын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері: «Сарыарқа экология» ЖШС, БСН 150640024474, Қазақстан Республикасы, гр. Қарағанды, Әлиханов көшесі, 14б, Тел.+7 776 526 31 31, эл.пошта: tanya\_ob80@mail.ru

### 6) Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

### 7) Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, гр. Қарағанды, Әлиханов көшесі, 14б, Тел.+7 776 526 31 31, эл.пошта: tanya\_ob80@mail.ru

### 8) Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және мына мекен-жайы бойынша:

1) 100000 Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, эл. мекен жайы: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); т.8(7212)568-166;

2) Қазақстан Республикасы, гр. Қарағанды, Әлиханов көшесі, 14б, Тел.+7 776 526 31 31, эл.пошта: [tanya\\_ob80@mail.ru](mailto:tanya_ob80@mail.ru)

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

### 1) Наименование проектов:

Проект «Отчет о возможных воздействиях» к Плану горных работ по добыче железных руд на месторождении Тоғай-1 в Карагандинской области

### 2) Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Бақты. Географические координаты территории воздействия: 49.330908 С.Ш., 76.244141 В.Д.

Географические координаты участка Тоғай-1:

49° 24' 32,01" С.Ш. 76° 04' 20,01" В.Д.

49° 24' 32,01" С.Ш. 76° 04' 02,01" В.Д.

49° 24' 43,90" С.Ш. 76° 04' 02,01" В.Д.

4) 49° 24' 43,90" С.Ш.76° 04' 20,00" В.Д.

### 3) Общественные слушания состоят: 31 марта 2026 г. в 11.00 часов по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с.Бақты, улица Тауелсіздік, 13 (в здании акимата с/о).

Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/77964548246?pwd=lsWfalV4Rgjl9ti7xIsQXdRk6i6qec.1>

Идентификатор конференции: 779 6454 8246 Код доступа: 309316

### 4) Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «БАЗИС-ТАУ», БИН 241140024150, РК, Карагандинская область, г. Караганда, Район Им.Казыбек Би, улица Механическая, строение 1А Тел. +7 (778) 775-68-88, эл.почта: eurasian.land@mail.ru

### 5) рекевизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы, программ повышения эффективности, планов мероприятий по охране окружающей среды: ТОО «Сарыарқа экология», БИН 150640024474, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Алиханова, 14б, Тел. +7 776 526 31 31, эл.почта: tanya\_ob80@mail.ru

### 6) Материалы проекта размещены на сайте: ndbecology.gov.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

### 7) Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Алиханова, 14б, Тел. +7 776 526 31 31, эл.почта: tanya\_ob80@mail.ru

### 8) Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и по адресам:

1) 100000 г. Караганда, ул. Лободы, 20. Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, эл. адрес: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); т.8(7212)568-166;

2) Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Алиханова, 14б, Тел. +7 776 526 31 31, эл.почта: [tanya\\_ob80@mail.ru](mailto:tanya_ob80@mail.ru)

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алтай Полиметаллы» ЖШС «Көктасжал» кен орнының қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары бойынша, ҚО мен ТРЖҰДБ сайтында және т. б. жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды <https://hearings.ndbecology.gov.kz> 04.03.2026 ж. бастап он жұмыс күні ішінде. Учаскенің географиялық координаталары және әсер ету аумағының географиялық координаталары 50°06'02,86"СЕ, 76°09'21.07"ШБ.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы - «Алтай Полиметаллы» ЖШС, БСН 050740000965, Кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Теректі ауылы, Қазыбек би көшесі, 13-2 үй. E-mail: [yerbol.sheryazov@altaypm.kz](mailto:yerbol.sheryazov@altaypm.kz) тел.: +77785726550

Әзірлеуші-жобалаушы: «АлГеоРитм» ҒӨК ЖШС әзірлеушісінен алуға болады: [info@algeoritm.kz](mailto:info@algeoritm.kz), Тел.: +7(7212)252345

Жоба бойынша материалдармен «ҚО мен ТРЖҰДБ» сайтында танысуға болады [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz), ұсыныстар мен ескертулер үшін.

«Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел 8 (7212) 56-81-66, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Алтай Полиметаллы» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений, по Плану ликвидации последствий операций по добыче твердых полезных ископаемых месторождения «Коктасжал», на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz> с 04.03.2026 г. в течение десяти рабочих дней. Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия 50°06'02,86"СШ, 76°09'21.07"ВД.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Алтай Полиметаллы», БИН 050740000965, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Теректы, ул. Казыбек би, д. 13-2. E-mail: [yerbol.sheryazov@altaypm.kz](mailto:yerbol.sheryazov@altaypm.kz) Тел.: +77785726550

Разработчик - проектировщик: ТОО НПК «АлГеоРитм»: [info@algeoritm.kz](mailto:info@algeoritm.kz), Тел.: +7(7212)252345

Ознакомится с материалами по проекту можно на сайте НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz), для предложений и замечаний.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО Кредитное товарищество «Қарқаралы» (БИН 030640001659) уведомляет о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО КТ «Қарқаралы» назначенного на 10.03.2026 года в 11 часов 00 минут по времени г.Астана, которое будет проведено по адресу: Каркаралинский район, г.Каркаралинск, ул.Т.Аубакирова, дом 34, где будут рассматриваться следующие вопросы:

Отчет Председателя Правления о проделанной работе за 2025 год;

Об утверждении отчета ревизора по финансово-хозяйственной деятельности КТ за 2025 год;

Утверждение годовой финансовый отчетности за 2025 год;

Утверждение бюджета и штатного расписания кредитного товарищества на 2025 год;

Об утверждении плана работы КТ на 2025 год;

Об изменении состава Правления КТ;

Об изменении ревизора КТ.

Все вопросы по повестке дня принимается в течение 10 дней со дня опубликования в газету. По всем вопросам обращаться по телефонам 7214632443, 33043.

Азамат /-ша/ ТОЙШИБЕКОВА ШАЙЗАДА ЖИЕНБЕКОВНА 21.02.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон : 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азамат /-ша/ ИЛЬЯСОВ НУРЛЫБЕК КИРИСОВИЧ 16.10.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

03 қараша 2026 жылы қайтыс болған азаматша Муздыбаева Окила Жоламановнаның атына мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 36 шы үй №3ші кеңсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Разакова Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон -31-515, 8-7017514937

Сообщаем об открытии наследства ДЮСЕНБАЕВА СЕЙТКАЛИ НЫГМАНОВИЧА, умершего 16 декабря 2025 года. Заинтересованных лиц просим обратиться к нотариусу Какибаеву Даулету Амангельдиевичу по адресу г.Каркаралинск, улица Т.Аубакирова, строение 21А, помещение 3. Тел: 8 700 202 1 606

## Біздің байланыс телефонымыз: 8-775-548-3523

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарабұлақ ауылына қарасты № 33 орта мектеп ұжымы осы мектептің тәрбиешісі Тлеудина Диляра Бекболатовнаға жолдасы

### Дархан Қапиятұлы ИБРАЕВТЫҢ

мегілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айта

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы № 44 орта мектеп ұжымы осы мектептің психологы

### Айгүл Елубайқызы МҮРСӘЛІМНІҢ

мегілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімімен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы № 44 орта мектеп ұжымы осы мектептің дене шынықтыру мұғалімі Ибраева Гаухарға бауыры

### Дархан ИБРАЕВТЫҢ

мегілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы № 2 орта мектеп ұжымы осы мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

### Мадина Муратбекқызы АКСЕИТОВАНЫҢ

мегілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтады.



## Қарқаралы

## БАСПАСӨЗ – 2026

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ

87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 95 жыл

## Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

(Соңы. Басы өткен санда)

Мені осы күнге тәлтіректетпей, алып келе жатқан осы Мұхандардың қуаты; ол мені ғана емес, бүгінгі күллі қазақ поэзиясын алып акумуляторша қуаттандырып тұр! Қазіргі жас толқында бірен-саран таланттар бой көрсеткенімен, баяғы Тұманбай, Мұқағали, Жүмекен, Сағи, Өтежандардай – «жыл келгендей жаңалық» (Өуезов) болып, күндей күркіреп келіп жатқанқандар жоқ қой? Бірақ, кеуделері–керемет... Маралтайдың алп-алп басатын жөні бар, ол жазарын жазып тастаған!

– Сіз Мұқағалидың көзін көрдіңіз. Қолынан дәм таттыңыз. Тіпті, ризалық лебізін естідіңіз. Бұл бүгінгі жастар үшін үлкен оқиға. Егер, сол күндердің мысалдары ойыңызға оралса, ақынның қандай гирбатына тоқталар едіңіз?

«Поэт от Бога» – дейді орыстар мұндай адамдарды. Олар құдіреті күшті Құдай жаратқан ақындар! Біз болсақ, сол Тәңірі жаратқан Абай-Мағжан-Ілияс-Қасым-Мұқағалидардан шыққанбыз... Тәңірі жаратқанмен пендеден жаралғанның арасы қандай? Мұхәнмен біздің айырмамыз да, міне, – осындай!

– Ресми шешім болмай-ақ, күллі оқырман 9 ақпанды «Мұқағали күні»дейді. 40 жылдан бері сол қалыптан өзгерген жоқ. Бұл үрдіс сіздерге де қатысты. Мұқағалиға арналған шаралардың Қарағанды өңіріндегі деңгейі қалай, оған қандай баға бересіз? Оны алдағы уақыттарда қандай мазмұнмен толықтырған жөн?

– Қарағандыдағы «Мұқағали күндері» Алматыңыздан кем емес, бізде ол бақандай бір ай жүреді. Мұқағали күндері аясында бүкіл облыста жас ақындардың поэзия кештері өтеді, әуеге Мұхәнның әндері қанат қағады, мектептерде Мұқағали сабақтары жүреді, театрларда Мұхәнның қойылымдары сахнаға шығады. Ұлыларға мағұмырланғанда біз бірімізден біріміз асып кетуіміз керек!

Сөз реті келгенде көкейде жүрген бір ойымды ортаға сала кетсем деп едім. Мұқағали күндері Нарынқолдың қалтасы азаматтары келген-кеткен ел ақынның поэтикалық өлеміне армансыз сүңгіп қайтуы үшін еуропалық үлгідегі бір қоңақ үй салып қойса, нұр үстіне нұр болар еді?

– Ақын ретінде ел ішінде көп жүресіз. Халық арасынан Мұқағалиға қатысты қызықты әңгімелер естіген көзіңіз болды ма? Ақиқат пен аңыздың арасалмағы қандай деп ойлайсыз?

– Пушкин, Есенин, өзіміздің Бауыржан, Өтежан, Мұхандар туралы аңыз болу. Бұл енді жылдан жылға өршіп, ұлғая бермесе, азая қоймас? Аңыз, бірақ, ақиқаттан тууы керек-ті. Мәселен, Мағжан мен Сәкен бертінде дейін тірі, Ібір-Сібірде болыпты деген қауесетке мен сенбеймін! Ондай ұлтымыздың біртуар қарақөктері біз көрген азап пен қасіретке төзіп, көрінген пенденің айдауына көніп, «лөббай, тақсырлап» тірі жүре бермесе керек-ті!


«Біз Мұхәнмен бірге іштік...» деген сияқты қырт әңгімелер өлімге ғана бола тұған өлермен пенделердің «қырқын мінсе, қыр атылмайтын мақтаны» ғой?! (Абай). Тоқтату керек оны!

– Міне, сіз де қазақ әдебиетінің аға буын өкіліне айналдыңыз. Ағалықтың өріне аман-есен шығу, ол да бір ғанибет. Енді артыңызға бұрылыңызшы, мақтанш ететін ізбасарларыңыз туралы не айтасыз? Оларды немен мақтандырсаңыз, неден сақтандырсаңыз?

– «Мен кейде туған айымыз бен күніміздің де (28 қыркүйек) дәл келуін ырымдап, жақсылықтың нышанына балаймын, – деп жазып еді Шарағана Алтайдың кермиығы Оралхан Бөкей, – Міне, Сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қараныңызшы, Аға, мен көрінем бе екен?» (1992).

Алтайдың кермиығы Ораханың буыны неткен бекзат еді: бізден кейін келе жатқан толқынның қанталаған көзіне қарасам: «–Ағалар-ау, алдарыңызға қарамайсыздар ма, біз келе жатырмыз ғой?!» – деген жымсықы ойды көрем де, зерем ұшады... Маралтай құбылыс болып келді! Оны да ел тым аз жазады деп кінәлап жүр... Ол Құдайдан хабар келгенде ғана жазады! Машық, дағдымен жазатындар мұндайды түсінбейді, мүлде! Таяуда талантты жазушы Қуандық Түменбай ФБ-да «Толғату дегенді Әйел мен Ақын ғана біледі!» – деп жазды, ол Суреткер болған соң ақын жүрегі терең түсініп тұр! Мұны ақындардың өздерінің 99 пайызы түсінбей, төпелей береді... Абайда небәрі–бір-ақ том, академиялық басылымымен 3 том боп тұр. Ал, бізде 10-15 томы бар шәйірлер бар... Қазақ жыры Абай һәм Абайдан кейін

# Менің Мұқағалиым



деп, екі заманға бөлінеді. Абайдан кейін ақын болған қазақ алды-артына қарауы керек қой! Академик Лихачевтің Игор Шкляревскиге «Сіз ақынсыз ғой, – өлеңші емес?!» – деген сөзі бар. Абайдың заманында қанша ақын болды? Мұқағали заманында ше? Содан кім қалды?!

Менің Роллан (Сейсенбай) ағаға арынап жазған бір өлеңім бар. Ресейімен байланыс төмендегелі Олжас, Роллан, Бақытжан Қанапияновтар төменшіктеп қалды. Енді әдебиетке орыс әдебиетінен хабар-ошары жоқ кеуделі, суқараңғы бір қауым ентелеп келіп жатыр... Пушкинді жатқа соғатын Мұқағалилар көзден ұшып, оның орынын өздерінің шимай-шатпағын оқып, бізден ыстық лебіз дөметіп, оны естімесе, – ішіне мұз қатып, жауласып алатын жанан-жәутіктер қаптай бастады...

3. «Абайдан кейін бізді

кешпейді ешкім...»

Ұмтылып Күнбатысқа ұмсынып бір, Жүрсің бе өз деміңе тұншығып құр? Түсіңде оң жағында – шерлі Абай да, Пушкин тұр сол жағыңда? Күрсіңіз тұр?.. Пушкинге Сахарадан Абай кеткен, Артына жалтақ-жалтақ қарай кеткен. «Туған ел, өлген мола...» –

көзден ұшып, Құдай-ай, бізді қиып, қалай кеткен? Бір ғасыр аса жүрдік сол кісімен, Тұрады сынап бізді ол да ішінен. Гетеге кетіп қалды ол... (қазақ қалды, – Феодалдық-патриархалдық болмысымен!). Алаш пен адамзаттың бір – өрнегі. Ол кетті қара өлеңнен гүл өргелі. Біз мұнда қалып қойдық,

бізді о жаққа, «Туған ел, өлген мола...» жіберемеді! Алаш деп егілгенмен, далам деп құр, Бү күнде көңілде де алаң көп бұл. Абайдан кейін... мен де

ақынмын деп, Айтуға болмайтуғын заман кеп тұр. Соңына ілесіп бұл мешкей көштің, Құдай-ау, күннің күні не істейді ескін? Абайға дейін... Бәрі кешірімді, Абайдан кейін – бізді кешпейді

ешкім... Біздің Аягүл Мантай деген талантты бір замандасымыз бар еді, тірісінде қадірін білмей қалдық, сол маған «Аға, мен ақынның рөлін орындап жүрген артист – «ақындардан» қажыдым...» – деп еді өлерінің алдында. Қазір солардан мен де қажып жүрмін... Ақын адамзат мәдениетінің озық үлгілерін жан-тәніне сіңірген адам болуы керек! Алақандай ауылда көрген-білгеніңмен алысқа бара алмайсың! Әдеби орта–жазармандармен аға-індей араласып, солардан естіген Пушкин-Мұқағалилардың анекдоттарын елге айтып, мәз болу емес, –кешегі Гомерлер мен бүгінгі Айтмандардың

шығармашылық өлеміне тастай батып, судай сіңу деген сөз! Сондай шикі өкпелер енді Нобель сыйлығы лауреаттарының шаужайына жармаса бастады...

Дәурен Берікқажы мен Танагөдің Абай мен Қасымдайын қолына шам алып, Еуропаның өлең мәдениетін індете зерттеп, соны қара өлеңге сіңіруге деген талпыныстары ұнайды. Ерлан Жүністе тұңғық бірдеңе жатыр... кезі келгенде ашылады ол! Бақыт Беделханнның «Мен туғанда-ақ өлім жазасына кесілгем...» – деген өлеңіне, кейде, тұлбайой тұңғышым, өзіме ерекше ыстық «ХХ ғасырдың 20 сәтін» де айырбастап жібергім келеді!

– Басы-қасында өзіңіз жүріп Қарағандыда «Қасым» журналын шығардыңыздар. Республикаға танылды. Үміттеріңіз ақталды, еңбектеріңіз мақталды. Журнал атына заты сәйкес келген әдеби басылымға айналды. Енді алдағы жоспарларыңыз қандай деп сұрасақ, не айтар едіңіз? Алдағы 2021-дің қуанышы көп. Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойы. Ұлы ақын және ғасырлық меже! Әсері мол, жауапкершілігі зор. Айтулы шараны өткізуде Қарағанды қандай ерекшеліктерге мән береді деп ойлайсыз?

– «Қасым» өзіндік беті мен бағыт, бағдары бар журнал. Қасымның аты дүркіреп шыққанмен көпке таныла алмаған ақын, қасымтану ғылымының өзі бертінде, 80 жылдығынан басталды. Келесі жылы сол «Қасым» журналының шыққанына да 10, Қасымның туғанына 110 жыл болады. Қарағандыда Қасымға ескерткіш орнап, қаладан Қасым даңғылы ашылды. Қасым-Мұқағалилар бізден алыстаған сайын асқақтап, биіктей береді! Жақындай береді! Бізден кейін дүниеге келетін буын олардың қадыр-қасиетіне бізден гөрі терең бойлай береді!

Ақтөбеде Мейірхан Ақдәулет керемет журнал шығарып жатыр еді, жабылып қалды... Қазір біз кіммен жарысатынымызды білмей, дағдарып отырмыз?

– Сөз соңында Серік Ақсұңқарұлын ақын ретінде тыңдағымыз келеді. Бізге өлең оқып беріңіз?

«– Өмір сүрем өлеңсіз-ақ...» Өмір сүрем өлеңсіз-ақ, Өзге кәсіп бастап бір. Америка – Гомерсіз-ақ, Абайсыз-ақ – асқақ тұр. Көгермеді көсемге де, Жақындаспай қайманам, – Қан-ғұмырды осы өлеңге, Қайдан келіп байлағам? Ештеңеге танданбастан, Енді жерге енемін. Мағжансыз-ақ маң-маң басқан, Қай қазақтан кем едім? Жетер жырсыз жебейтін ел,

Жанымды ая, Жасаған! Кененсіз-ақ кеней – түгел,ф Байронсыз да – бас аман... Өмір сүріп өлеңсіз-ақ, Болам, мейлі, баспақ бір; Қазақ жыры – Нобельсіз-ақ, Ақсұңқарсыз да асқақ тұр! (Өңімінен жүргізген Батық Мәжитұлы, «Мұқағали» журналының бас редакторы).

09.10.2020 Ж.

4 .Тау да, тас та–Мұқағали...

Анти-Поэзия аяр жыландай төрімізде шалқасынан түсіп біраз уақыт жатты да, ирелендеп, босағадан шығып бара жатты... Оның Алпаға қарайлап, Алаштан аяғын тартқан бір кезі осы-ау деймін... Ақынның 80 жылдығында Алматыдан Қарасазға жеткенше Мұқағали өлеміне жүзіп барғандай болдық. Тау да, тас та–Мұқағали!

Бүгін қазақты бүкіл дүние таныды десе де болады. Танығаны өз алдына, Атыраудан–Арқа–Алатау–Алтайға дейінгі ұлан-асыр аймақты алып жатқан жеріне, оның астындағы, үстіндегі қазынаға қарап, танаһанып отыр. Елде жоқ ерен қонақжайлылығын да көріп, шетінен мез-мәйрам өздері... Осы өзіміздің төсекте басы, төскейде малы қосылған ормандай орысты былай қойғанда, табалдырығымызды осыдан 20-жыл бұрын аттап, төрімізде шалқайта бастаған шүршіттің өзі де қазақ халқына қатысты дүниені бес сауағандай біледі! Тек бір-ақ нәрсені білмейді. Ол не дейсіз бе?

Қазақ поэзиясы! Өлемдік әдебиеттің ортасынан ойып орын алса, адамзаттық руханияттың бүгінгі болмыс-бітімін 180 градусқа бұрып жіберетіндей тегеріні бар телегей-теңіз құндылықты білмейді! Білгісі де келмейді! Адамзат көш-керуенінің басында келе жатқан жапондарша ойласақ, бізге солардың білмегені жақсы... Сол қазақтың қара өлеңін ғаламдық биіктікке шығарған тұлғалардың бірі һәм бірегейі–Мұқағали Мақатаев! Қазақтың жырын, қалған дүние өз алдына, қазақтың өзі де таразылай алмай қалғандай уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақтың жыры қазақтың өзінен бір ғасырдай озып кетті!

Совет өкіметі кезінде кемеліне келген қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сыны бұрнағы жүрдек жүрсінен жаңылғалы қашан. Мұқағалитанудың өзі Мұқағали поэзиясынан 20-30 жыл кейін қалып қойды! Мысал айтайын ба? Мақатаевтың – «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» – деген өлеңі бар. Ақын оны неге айтқан?

Ол әдебиетке келген 50-шы жылдардың аяғы, 60-шы жылдардың басы қазақ өлеңінде соцреализм-демиянбедныйшылдықтың салтанат құрып тұрған заманы еді. Қазақ жырына еуропалық мәдениет әкеліп, оны Қыз Жібектей құлпыртып, Төлегендей үкілеп төрге шығарған Қасым да әдеби ортасынан, ел-жұртынан да өз бағасын алмаған. Өлеңдегі лирикалық кейіпкерлерінің біреуі–партия, біреуі– Ленин, біреуі–завод-фабрика, біреуі– калхоз-сохоз болатын! Қысқаша айтқанда,-- сұл-сұр сұрғұлт дүние! Сол кезде аға толқын Өбділдә Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, кейінгі буын Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай , Сағи, Жүмекендер бастаған қазақ өлеңінің реформаторлары оған орыстың озық үлгілерін сіңістіруге белсене кірісіп еді. Цензура орыс поэзиясының да алқымынан қысып тұрған. Бірақ, олар ел иесі, жер иесі ғой. Партияның ХХ-шы съезінен кейінгі «жылымықты» басқалардан бұрын терең сезініп, емін-еркін сөйлеуші еді..

Абайдың дүниенің кілті – орыста, сондықтан оның тілін білу керек дегені бар. «Зарарынан алыс боларға» дегенін ұмытып кеттік. Қазақ поэзиясына орыс өлеңінің ырғағы мен өуені, бояуы ғана емес, күллі болмысы тұрған орнынан тік көтеріліп, көшіп келе бастаған... Міне, осы кезде қазақ жырына жүрегің қолына ұстап Мұқағали жетті! Қазақтың ұлттық эпосы мен қара өлеңінен шығып, орыстанып бара жатқан жырымызды ассимиляциядан аман алып қалған – сол! Қара өлеңнің мәңгі-бақи сарқылмайтын мүмкіндігін жарқыратып көрсеткен Мұқағали Мақатаев! Оның «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» дейтіні – содан! Мұқағалиды сол кездегі қаламдастарымен салыстырып, қайта

оқып шығыңызшы. Қазақтың қара өлеңінің «кемелденген социализм» заманында қалайша түрленіп, жасарып, жаңарған сәтін көресіз! Дантениң «Божественная комедиясының» қазақшасына қараңыз, – «Тәңірінің төлкегі!» Аты–қандай?! Заты қандай! Мұқағали емес–Бұқар Жырау тәржімалап жатқандай!

Менің Мұқағалиым, міне–осы! ... Миымның қара жәшігінде сақталып қалған бір көрініс көз алдымнан көлеңдеп кетпейді. 1974 жыл, Жазушылар одағы. Қаламақы беріп жатыр деген соң, мен де келгем Дәуітәліге еріп, ғұмырымда бірінші рет... Кассаның алды – қанбазар. «Бірдене болса, біз де алайық?» –деп Мұхән да (Мұқағали Мақатаев) кіріп келе жатыр еді, кезекте тұрған жазушылар жақтырмай, жалт қарады!

«–Қараңдар! Мына маскүнем қазір бәріміздің аузымызды аңқитып, бірінші барып алады! – деді біреу сыбырлап... Айтқаны дәл келіп, Мұхән кіре сала төске өрледі!

«–Өй! Саған менен кейін алсаң да жетеді ғой?! –деді алдында тұрған бір жазарманға мысқылдай қарап. Анау шегініп кетті!..

Мұхән–асқақ! Өзінің мынаның бөрінен де асып туғанын ішінен сезіп, біліп алған! Олар оны түсіне ме? Түсінбей ме?! Онда қахысы жоқ! Ақшасын санамай! қалтасына сала салды да, маң-маң басып, шығып бара жатты!..

... Кейін сол Мұхән ала көзімен қарағандар біз оны көзі тірісінде-ақ қадіріне жетіп, қадірлеп, қасиеттеп өткенбіз деп жазып жатты!..

5. Мұқағали кеткен соң... (Хроника: 1974. маусым). Еңкейіп бара жатыр Күн бесінге, Панфилов гүл-бағының іргесінде – Ортаға ақынды алып отырғанбыз Шөл басып Алматының шілдесінде. Бұлдырап тұрғанменен келешегі, Мұхәнның айдарынан жел еседі. Жарқылдап отырса да, жампозыңның Жағдайы онша жақсы емес еді... Жарықтық жабыққанда –

жан-тән налып, Шаттығын шақыруға шампанды алып – Егіліп тірі жүрген Есенинге Елжіреп біз қараймыз аң-таң қалып! Жыр әлі – шикі, соған күнәліміз, Көңілден сөйілмеген тұманымыз. Өзгеше өлең оқып сонда-дағы Келеді ұлы ақынға ұнағымыз! Біреулер қызды мақтап,

жырды мақтап, Біреулер бос шөлмектей

шылдырап қап... Егіліп тірі жүрген Есенинге

Елжіреп біз қараймыз аң-таң қалып! Жыр әлі – шикі, соған күнәліміз, Көңілден сөйілмеген тұманымыз. Өзгеше өлең оқып сонда-дағы Келеді ұлы ақынға ұнағымыз! Біреулер қызды мақтап,

жырды мақтап, Біреулер бос шөлмектей

шылдырап қап... Бір қызға Шайтанкөнде ғашық болып, Бірдеңе жазғам мен де

былдырақтап... Сол сәтте соны оқысам жететіндей, Жұртты – таң, ақынды – ырза

ететіндей. Кезегім (керуен соққыр!) келмей қалып... Отырмын жарылып-ақ кететіндей.

...Мұхән – жоқ! Өрт өргендей өзегіміз! Өзгеше кескінде екен кезегіміз.

Қасымда Бауыржан мен Сәтқали\*\*, Келіп еді енді біздің кезегіміз! Ал, сөйле, дүбірге еніп, күңіреніп, Шөлдесек – сусыннан бір сімірейік. Құдай-ау, кімге оқимыз енді өлеңді?

...Мұхәнның орыны тұр үңірейіп... Жас ақындар – "Б. Жақып, \*\*С. Нұржан. 1982. ж.

6. «Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін» (М.М.).

Уа, Дүние, есік аш! Тәңірі өзі сиқырлы үн сап таңдайға, – Елге келсем біреуі – сау, екеуі –

неге есуас?! Жазылғаны осы ма еді маңдайға?

Сонда жүріп сонар көкті шолғанмын, Пегазымды жүгендеп!

Мұқағалидан сарқыт ішіп комдандым, Жұматаймен төс қағысып,

Төрт құбыламды тұгендеп! Күллі өлемді көкпар сынды аунатып,

Музаменен Көк пен Жерді шалғанда, – Мұқағалидан ішкен сарқыт қанымды

оттай лаулатып, Оңбағанға ойран салдым,

Сайран салдым жалғанда! Мен ішкен улы ішпесе екен енді

ешкім, Кешпесе екен мен кешкен сұмдық

ойларды. Бұ дүниеге енді мен қайта келмеспін.

Қайта келсем де салармын осы ойранды!

Уа, Дүние, есік аш! Тәңірі өзі сиқыр үн сап таңдайға –

Елге келсем біреуі – сау, екеуі – неге есуас?! Жазылғаны осы ма еді маңдайға.

2017-08. 02. 2025 ж.ж. Қарағанды, – Көгілдір тоғандар-Күңгей.

<p>«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор <b>Құрманғазы ӨТЕБАЙ</b></p>	<p>100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй Бас редактор – 31-3-50 (факс) Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23 Бухгалтерия – 31-4-56 E-mail: karkaraly_too@mail.ru Біздің есепшотымыз: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HNBKZZKX БИН 990940002210</p>	<p>Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.</p>	<p>Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Ғ.С. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Ғ Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.</p> <p>Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 7</p>
---	--	---	---